



25 қараша, сенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

СПЕКА ЕЛДЕРІ: ЕУРОПА МЕН АЗИЯ АРАСЫНДАҒЫ ҚҰРЛЫҚАРАЛЫҚ КӨПІР



Мемлекет басшысы Бакуге жұмыс сапары барысында Әзербайжан Президентімен кездесті. Қасым-Жомарт Тоқаев дәстүрлі қонақжайлығы мен БҰҰ-ның Орталық Азия елдері экономикаларына арналған арнайы бағдарламасының (СПЕКА) алғашқы саммитін ұйымдастырғаны үшін Ильхам Әлиевке алғыс айта отырып, Бакуді «Каспий өңірінің инжумаржаны», әлемдегі ең өдемі қалалардың бірі деп атады.

2-бет

ХАЛЫҚ ЖӘНЕ НАРЫҚ

ҚАРЫЗ ҚАЙДА АПАРАДЫ?

Ұлттық банк деректеріне сәйкес, кейінгі бір жылда Қазақстанда банктердің жеке тұлғаларды несиелендіруі 30,9 пайызға, заңды тұлғаларға берілген несиелер 10,1 пайызға, яғни, бизнеске қарағанда, қарапайым азаматтардың несиеле сұранысы үш есе өскен.

2023 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша, елдегі әрбір азаматқа шаққанда, кез келген жастағы қазақстандық банктерге қарызы 768 мың теңге. Кейінгі бір жылда бұл сома 26,8 пайызға, яғни 162 мың теңгеге артқан. Оған қоса, банктік емес кредиттік ұйымдардан алынған несиелерді қоса есептегенде, бұл көрсеткіш әлдеқайда жоғары болуы мүмкін.

Ал облыс халқының банктерге қарызы жан басына шаққанда, аймақтың әрбір тұрғынына 485 мың теңгеден келеді. Былтыр бұл көрсеткіш 387 мың теңгені құраған еді, яғни, облыс тұрғындарының қарызы да бір жылда 25 пайыздан астам өскен.

«S&P Global Ratings» халықаралық агенттігінің мәліметінше, Қазақстан азаматтарының 75 пайызының жабылмаған тұтынушылық несиесі бар. Қарыз жүктемесінің негізгі үлесі үш мегаполис енісінде. Бұл ретте аймақтық тұрғыда да, жалпы халық арасында бөлінісі біркелкі емес. Кейінгі екі жылда қазақстандық екінші деңгейлі банктерде ипотекалық несиеле беру де күрт өсті. Агенттік болжамына, алдағы уақытта қаржы нарығындағы бәсекелестік артады. Өйткені алдағы екі жылда цифрлық инфрақұрылымы дамыған қаржы институттарының табысы ұлғаяды. Олардың кірісінің басым бөлігін комиссиялық табыс құрап, сондай-ақ банктік емес қызметтен түсетін табыс үлесі де көбеймек.

Қазіргі кезде Қазақстандағы жеке тұлғалар алған несиенің жалпы көлемі 18 трлн теңгені, ал қарыз алушылардың саны 8 миллион адамды құрайды. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің деректерінше, тұтынушылық кредит беру сегментінде кейінгі 3 жылда өсім байқалған. 2021 жылдан бастап кепілсіз тұтынушылық кредиттердің орташа жылдық өсуі 33%-ды құрады. Кейінгі 8 айда тұтынушылық кредит портфелі 9,2 трлн теңгеден асты. Мерзімі өткен кредиті бар қарыз алушылар саны 516 мың адамды немесе жалпы қарыз алушылар санының 7%-ын құрады.

Осы 18,1 трлн теңге несиенің тең жартысы тұтынушылық кепілсіз несиеле тиесілі. Ал микроқаржы ұйымдары проблемалық қарыздардың сатып жіберген. 2022 жылғы тамыздан бері проблемалық қарызды коллекторлық компанияларға жаппай сату есебінен микроқаржы ұйымдары іс жүзінде өз несиеле портфелін «жасанды түрде» 2 есеге жақсартып алған.

«СБ» ақпарат

САПАР

ВИЦЕ-МИНИСТР ШИЕЛІ АУДАНЫНА БАРДЫ

ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Р.Склярдың тапсырмасымен ҚР Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Тимур Қарағойшин сапалы аумақтық жоспарлауды, коммуналдық және тұрғын үй инфрақұрылымын тиімді дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында ұсынымдар беру, тәжірибе алмасу үшін Қызылорда облысына іссапармен келді.

Кеше вице-министр облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен бірге Шиелі ауданына барып, құрылыс жұмыстарының көлемі бойынша республикада қосбасшылар қатарына орныққан Сыр өңіріндегі жаңадан салынған нысандарды көрді, аймақтың озық тәжірибесі мен жоғары жұмыс қарқынын атап өтті.

Алдымен Тимур Жиенбайұлы Шиелі ауданы Байсын ауылындағы 250 орындық мектеп жұмысмен танысты. Биыл облыста 5 жаңа мектеп пайдалануға берілсе, 4 мектепке 1850 орындық қосымша ғимарат салынды. Жұмырда пайда-

лануға берілген Байсын ауылының мектебі солардың қатарында.

Әрі қарай вице-министр аудан орталығынан салынған екі пәтерлік 25 үйді көрді.

Аймақта, оның ішінде Шиелі ауданында пайдалануға берілген үй көлемі жыл сайын артауда. Тамыз айында «Көкшөк» шағын ауданындағы 3 қабатты 18 пәтерлі 4 тұрғын үйден 70-тен аса отбасы жаңа баспана алды. Облыс бойынша халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 1000 пәтер сатып алу жоспарланған. Оның 400-і аудандарға тиесілі.



ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ ӨЗГЕ ӨҢІРЛЕРГЕ ТАРАТЫЛАДЫ

Кеше Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген ҚР Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Тимур Қарағойшин облыс әкімдігінде құрылыс және тұрғын үй инфрақұрылымын дамыту мәселелері бойынша республикалық кеңес өткізді. Іс-шараға министрлік өкілдері, республикалық мекеме басшылары, еліміздің барлық өңірінен құрылыс және энергетика саласына жетекшілік жасайтын облыс әкімінің орынбасарлары, басқарма басшылары және орынбасарлары, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері қатысты. Жиын сапалы аумақтық жоспарлауға, коммуналдық және тұрғын үй инфрақұрылымын тиімді дамытуды қамтамасыз етуге, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласына қатысты ұсынымдар айтуға, тәжірибе алмасуға арналды.

2-бет



ЭНЕРГЕТИКА – ЭКОНОМИКА ӨЗЕГІ

Энергетика саласы – әлеуметтік сала мен индустрияны алға жылжытушы күш, негізгі локомотиві саналады. Тәуелсіз Қазақстанның негізгі экономикалық тірегінің бірі – энергетика саласы да күнделікті тұрмыс-тіршілігіміздің бір бөлігіне айналып, жылдамдықпен дамып келеді. Өмірлік маңызды нысандардың жарықпен және жылумен қамтамасыз етілуі энергетиктердің жоғары жауапкершілігі мен сапалы қызметіне, қондырғы-жабдықтардың қалыпты жұмысына байланысты.

Бұл ретте облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының сала жұмысын үйлестірудегі үлесі қомақты. 2006 жылы құрылған, облыстық бюджеттен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органға бағынысты мекемелер қатарында «Қызылорда электр тарату тораптары» АҚ, «Қызылорда жылуэлектрорталығы» КМК, «Қызылорда газ тарату жүйесі» МКК бар. Сала мамандары мезгілді кез келген сәтінде қарамастан әлеуметтік нысандардан бастап, кәсіпорындарға, еңбек ұжымдарына, тұрғын үйлерге электр мен жылу қуатын үзбей жеткізуде абыройлы қызмет атқарып, елге қуат, жаңа шуақ сыйлап жүр.

Аймақтың 85 жылдығы энергетика саласымен сабақтас, оның өркеніет белгісіндей өзектілігі бар. Біздің сөз бастауымызға саланың сан салалы бағыты назарға алынды.

СБ Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

3-бет



СПЕКА ЕЛДЕРІ: ЕУРОПА МЕН АЗИЯ АРАСЫНДАҒЫ ҚҰРЛЫҚАРАЛЫҚ КӨПІР

– Қазақстан 1997 жылы БҰҰ-ның Орталық Азия экономикаларына арналған Арнайы бағдарламасын құруға бастамашы болды.

Қазіргі уақытта бұл бағдарламаның өңірлік ынтымақтастықты кеңейту және жаһандық экономикалық процестерге қосылу тұрғысынан тиімді платформаға айналғаны ерекше атап өткізіледі. Арнайы бағдарламаның 25 жылдығына орай ұйымдастырылып отырғандықтан, бүгінгі кездесуіміздің символдық мәні зор. Бытыр Қазақстанның төрағалығы аясында біз Бағдарламаның негізгі бағыттары жөніндегі ықпалдастықты нығайтып, оны жүзеге асыру үшін маңызды шаралар қабылдадық, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы елдің барлық 1-бет

азаматы әлеуметтік, технологиялық және экономикалық прогрестің пайдасын тең дәрежеде көре алатын инклюзивті келешекті қамтамасыз ету мақсатында бұл бағдарламаны жүзеге асыруды жалғастыруға ниетті екенін атап өтті. Қазақстанның Алматыда Орталық Азия елдері мен Ауғанстан үшін БҰҰ-ның орнықты даму жөніндегі өңірлік орталығын құру туралы бастамасы осы мақсаттың үдесінен шығады.

Президенттің пікірінше, өндіріс саласында тең негізде ауқымды жобаларды жүзеге асыру аймақ мемлекеттерінің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін нығайта түседі. Аймақ бүгінде халықаралық көлік-транзит бағыттарын дамыту және әртарапандыру ісінде өте маңызды рөл атқарады. Шын мәнінде, СПЕКА елдері Еуропа мен Азия арасындағы

құрлықаралық көпірге айналды.

– Соңғы 15 жылда еліміз көлік инфрақұрылымына 35 миллиард доллардан астам инвестиция құйды. Алдағы үш жыл ішінде 1300 шақырымнан астам теміржол салуды жоспарлап отырмыз. Бұл Қытай, Оңтүстік Азия, Ресей және Еуропа бағыттарына жүк өткізу әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Барлық серіктесті Каспий теңізіндегі порттардың қуатын арттыру, сондай-ақ жүк кемелерін бірлесіп өндіру үшін ынтымақтаса жұмыс істеуге шақырамын. БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы мен ЭСКАТО тарапынан техникалық және сараптамалық тұрғыдан белсенді қолдау күтеміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар экология саласындағы ынтымақтастықтың мәні зор.

– Келесі жылы Қазақстан Халықаралық Аралды құтқару қорының төрағасы ретінде бір кездері әлемдегі ең ірі тұйық су айдындарының бірі болған Арал маңындағы қоршаған орта деградациясының алдын алу жұмыстарын күшейтуге ерекше мән бермек. Каспий теңізіндегі құрделі экологиялық ахуал да алаңдаушылық туғызады. Теңіздің табаны тайызданып, оған құятын өзен суларының мөлшері күрт азайды. Биоресурстар қысқарып, антропогендік ластануға ұшырап жатыр. Каспийді құтқару ұзақмерзімді халықаралық ынтымақтастықтың басымдығына айналуға тиіс. Барлық мүдделі тарапты осынау бірегей су айдынының жағдайын жақсарту үшін ортақ іс-қимыл жоспарын әзірлеуге шақырамын. Біздің өзара тиімді ынтымақтастығымыз Каспийдің

бейбітшілік және мүмкіндіктер теңіз ретіндегі мәртебесін нығайта түсетініне сенімдімін, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев 2060 жылға қарай Қазақстан көміртегі бейтараптығына қол жеткізуді мақсат етіп отырғанын мәлімдеді. Осы ретте Президент СПЕКА мемлекеттерінің басшыларын баламалы энергия көздеріне көшу мәселесінде бірлескен іс-әрекетті жандандыруға және Алматыда Орталық Азия елдерінің климат мәселелері жөніндегі жобалық кенесін құру бастамасын қолдауға шақырды.

Президент сөзін қорытындылай келе, бұл Саммит Арнайы бағдарламаның тиімділігін арттыру үшін нақты механизмдер әзірлеуге мүмкіндік беретініне, сондай-ақ елдеріміз арасындағы достық және стратегиялық серіктестікті нығайта түсетініне сенім білдірді.

МӘЖІЛІС

ҰЛТТЫҚ ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ БАРЫСЫ

ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет мәжілісінде «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасының жүзеге асырылу барысы қаралды.

ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі Жандос Бүркітбаев өңірлердегі нысандар құрылысы туралы баяндады. Облыс әкімдері атқарылған жұмыстар және алдағы уақытта салынатын нысандар жайлы хабарлама жасады.

Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақта 2023 жылға жоспарланған құны 6,5 млрд тенге болатын 15 дәрігерлік амбулатория құрылысы туралы айтты. Оның 12-сі 30 қарашада, 3-еуі 5 желтоқсанда халық игілігіне пайдалануға беріледі. Алдағы жылға жоспарланған 11 нысанның жоба-металдық құжаттамасы әзірленіп, мемлекеттік сараптама қарауына жіберілген. Қорытындысы жетекшілік аясында шығады.

– Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысы арнайы мәжіліс өткізіп, облыс аумағында бой көтерген 15 дәрігерлік амбулаторияның жыл соңына дейін пайдалануға берілуін қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

– Үкімет басшысы ұлттық жобаны жүзеге асыруға қатысты бірқатар өзекті мәселелерді көтерді. Әсіресе, биыл салынған денсаулық сақтау нысандарының сапасы мен мерзімінде пайдалануға берілуін қатаң бақылауға алып, тиісті жұмыстарды жүзеге асыруды тапсырды. Біз 15 дәрігерлік амбулаторияны жыл соңына дейін пайдалануға беріміз керек. Осы аптада жауапты мердігер мекеме басшыларымен кездесіп, тиісті тапсырмалар жүктеген болатынбыз. Бұл тек құрылыс басқармасының ғана міндеті емес, аудан әкімдері де жұмысқа жұмылуы қажет. Ұлттық жоба аясында салынған барлық нысандар халыққа ыңғайлы, жайлы, ең бастысы, жан-жағының тазалығы, қасбеттері талапқа сай болуы тиіс, – деп ескертті аймақ басшысы.

Нұрлыбек Машбекұлы құрылыс басқармасына ғимараттардың сапасын мұқият қадағалауды тапсырды. Атап айтқанда, жан-жағы талапқа сай абаттандырылуы, ауласына өңірдің климаттық жағдайына бейімделген ағаштар отырғызылуы қажет. Облыстық денсаулық сақтау басқармасы жана дәрігерлік амбулаторияларды тиісті медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіп, олардың сапасына мән беруі керек.

Еске салайық, Қызылорда облысында «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында салынатын жалпы құны 11 млрд тенгені құрайтын 27 нысан (24 дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік-акушерлік бекет, 1 медициналық бекет) тізімі Үкімет қаулысына енгізілген.

ҚАБЫЛДАУ

ҰСЫНЫС ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «АМАНАТ» қорғамды облыстық филиалының сауалдары назардан тыс қалмайды. Мамандар әрбірінші себеп-салдарын жіті зерттеп, шешімін заң талаптарын негізге алып қарастырады. Қабылдауға келушілердің кейбірін өз сұрақтарына қатысты түсіндірме жауапты сол жерде алды. Көтерген мәселесінің шешу жолдарын білді.

Мәселен, 36 жастағы қала тұрғыны балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін үйінің жанындағы жол бойына бағдаршам орнатуды сұрады. Аймақ басшысы ол тұсқа түнде жанатын арнайы жол белгілері орналастырылатынын айтты. Ал 49 жастағы қала тұрғыны Жаркынбаев тұйығына асфальт төсеп, жарықтандыру мәселесін шешуді сұрады. Сонымен қатар қала орталығындағы «Сарқырама» каналын тазарту туралы ұсынысы айтылды.

Облыс әкімі жауапты тұлғаларға 3 күн ішінде каналды тазалауды тапсырды. Ал Жаркынбаев тұйығын жарықтандыру және асфальттау мәселесі жақын күндері қарастырылатынын жеткізді. Әзірше жолға қиыршық тас төселмек.

Еске салайық, тұрғындар облыс әкімінің қабылдауына еғов.порталы, e-otinish бірінші базасы немесе әкімдікке келіп жазбаша өтініш тастау арқылы жазыла алады.

ҚЫЗЫЛОРДАНҒЫ ТӘЖІРИБЕСІ ӨЗГЕ ӨНІРЛЕРГЕ ТАРАТЫЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өз баяндамасында Сыр өңірінде жүзеге асырылған жобаларды таныстырып, әріптестерін тәжірибе бөлісуге шақырды.

– Мемлекет басшысы мен Үкіметтің қолдауы арқасында өңірімізде негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша оң динамика қалыптасты. Облыс өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, негізгі капиталға тартылған инвестиция мен тұрғын үйді пайдалануға беру бойынша көшбасшылардың қатарында. Өткен айда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы арнайы жұмыс сапарымен келіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуымен танысты. Аймақтың даму бағытына жоғары бағасын берді. Бүгінде құрылыс, энергетика салаларында да оң қарқын бар. Биыл облыс көлемінде барлығы 4108 пәтерді құрайтын 300 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде, – деді аймақ басшысы.

Нұрлыбек Машбекұлы өңірде мемлекеттік бағдарламалар аясында және жеке инвестиция есебінен салынған әлеуметтік нысандар, демеушілер көмегімен қолға алынған игі жобалар туралы баяндады. Атап айтқанда, Мемлекет басшысының еліміздегі жылу-электр орталықтарының жұмысын жандандыру тапсырмасына сәйкес Қызылорда қаласында жаңа жылу-электр орталығының іргетасы қаланды. Тәуелсіздік жылдарындағы инвестор қаржысына салынатын ең ауқымды, теңдессіз жоба электр энергиясын сырттан сатып алудан арылтып, өндірілген электр энергиясының бір бөлігін аймақтан тыс жерлерге сатуға мүмкіндік бермек.

Президент тапсырмасына сәйкес «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Қызылорда облысында 21 мектеп салынады. Жоба құны – 98 млрд тенге. Қазір 10 мектептің құрылысы жүргізілуде, қалған 11-і келесі жылы басталады. 2025 жылы толық тапсырылады. «Білімді

1-бет



қолдау қоры» есебінен Қызылорда қаласында 400 орындық оқу ғимараты және 300 орындық жатақханасы бар физика-математика бағытындағы мектеп-интернат бой көтеруде.

Мұнан бөлек, Қызылорда қаласындағы 4 іргелі мектептің жанынан 2000 орынға арналған қосымша ғимараттар салынды. Осылайша балалар қатынауына жақын, ыңғайлы мектепке барды әрі бюджет қаражатын үнемдеу мүмкіндігі пайда болды.

Облыс орталығында 36,4 млрд тенгеге бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Медициналық ұйымдарды сапалы қанмен қамтамасыз ету мақсатында құны 2,9 млрд тенгені құрайтын Қан орталығының құрылысы жүргізілуде. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында елді мекендерде 27 нысан салынууда.

Құны 20,9 млрд тенге болатын 7 мың орынға арналған Орталық стадион,

сондай-ақ, жабық бассейні бар көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы жоспарланған, ал аудандарда 11 денешынықтыру кешені салынды. Жақында 1,6 млрд тенге қаржыға салынған Отбасы орталығы өз қызметін бастады, 3,7 млрд тенгеге бой көтерген Өнер орталығы жыл соңына дейін пайдалануға беріледі.

Келер жылы 7 ауданда музей, кітапхана, архив, неке кино залы, ардагерлер және аналар, жастар орталықтары, азаматтық қоғам өкілдері мен тарихи-мәдени, рухани ұйымдарды біріктіретін типтік үлгідегі «Руханият» орталықтары салынады.

Мемлекет басшысының сапары кезінде өңір үшін маңызды мәселелерге қатысты тарихи шешімдер қабылданды. «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» көлік дәлізінің Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысына дейінгі аралығы төрт жолақты жолға айналады. «Қызылорда-Жезқазған» жолы Президент тапсырмасымен қайта жаңғыртылуда. Аймақ басшысы орталықтандырылған ауытсу,

газдандыруға қатысты жобалар туралы да атап өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының патриотизм мен әлеуметтік жауапкершіліктің үлгісін көрсету бастамасын қолдаған демеушілер есебінен 37,5 млрд тенге қаржы тартылды. Оған қоса құрылыс, жол компаниялары және кәсіпкерлердің қолдауымен 3,3 млрд тенгеге 630 жобаның құжаттамасы әзірленді.

Құрылыс және инфрақұрылымды дамыту саласындағы аймақтың оң тәжірибесін бөліскен облыс әкімі Қызылорда облысына арнайы келіп, министрліктен, барлық өңірден өз саласының тәжірибелі азаматтарын жинап, жиынды ұйымдастырған вице-министрге алғыс білдірді.

Өз кезегінде, Тимур Қарағойшин өңірдегі қарқынды жұмыстарды ерекше атап өтті.

Жиын барысында бірқатар сала басшылары баяндама жасап, атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттерді таныстырды.

БІЛІМ

МЕКТЕПТІҢ ЖАҢА ҒИМАРАТЫ АШЫЛДЫ



Облыс орталығындағы Сырдарияның сол жағалауында орналасқан «Orda school» жеке мектебі қызылордалықтарға жақсы таныс. Заманауи, сәнді ғимараттар жаңа ауданның көркін ашып ғана қоймай, қоныстанушыларға, кішкентай тұрғындарға қызмет көрсетіп келеді. Кеше білім ордасының осындағы үшінші жаңа ғимараты ашылды.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Салтанатты шарада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев білім ұясының ұстаздары мен оқушыларын жаңа ғимараттың ашылуымен құттықтады. – Алаш қайраткері, ақын Мағжан Жұмабаев «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға үйлесетін негізде құрабыз»,

келешегіміз үшін тынбай-ақ сертсуге болады» деген сөзі баланы оқыту үшін ең бірінші жайлы да заманауи мектептің керегін еске салады. Жерлесіміз, мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бактиярұлының бастамасымен 2017 жылы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында салынған «Orda school» бастауыш мектебі өңірдегі іргелі білім ошақтарының қатарына енді. Бұл салаға

инвестиция салған кәсіпкерлер аз емес. Қазірдің өзінде облыстағы 30 жеке мектепте 12 мыңға жуық оқушы білім алууда. Балаларымыздың болашағы жарқын болсын. Санасы сергек, ойы ұшқыр, бәсекеге қабілетті шәкірттеріміз көбейсін! – деді облыс әкімі.

Сонымен қатар аймақ басшысы өңірде білім саласында атқарылып жатқан жұмыстар мен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында қолға алынған шаруаларға тоқталды. Атап айтқанда, биыл облыста 2 жаңа мектеп пайдалануға берілсе, жыл соңына дейін Қазалы ауданы Өйтеке би кентіндегі 250 орындық Жанакорған ауданы Май бекетіндегі 300 орындық оқу ордасының ашылуы жоспарлануда. Өткен аптада Шиели ауданы Байсын ауылындағы 250 орындық мектептің жаңа ғимараты табысталды. Бұдан бөлек, Қызылорда қаласындағы 4 мектепке 1850 орындық қосымша ғимараттар салынды. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында өңірде 12300 орынға лайықталған 21 мектеп салынууда. 10 мектептің құрылысы басталды, оның 5-уі облыс орталығында. «Білімді қолдау қоры» есебінен 7,9 млрд тенгеге дарынды балаларға арналған 400 орындық физика-математика бағытындағы мектеп-интернаттың құрылысы қарқынды жүргізілуде. Биыл «ҚазГерМұнай» компаниясының демеушілігімен 350 орындық заманауи үлгідегі Оқушылар сарайы салынады. «Саутс Ойл» компаниясының демеушілігімен Сырдария өзенінің сол жағалауынан 4,8 млрд тенгеге музыкалық колледждің жаңа ғимаратының құрылысы басталмақ.

Рәсімде облыс әкімі мектеп ұжымына ҚР Парламенті Сенатының төрағасы

Маулен Әшімбаевтің құттықтау хатын табыстады.

Сонымен қатар мектеп құрылысшысы Мұрат Бактиярұлы да жерлестерін құттықтады.

– Бүгін – мектеп ұжымы үшін ерекше күн. Өйткені іргетасы екі жыл бұрын қаланып, құрылысы жүргізілген ғимараттың лентасы қиылғалы тұр. Қазіргі уақытта республика көлемінде жеке мектептер көптеп салынып жатыр. Бұл – құттарлық нәрсе. Біздің мектепте алғаш ашылған жылы 180 бала білім ала, қазір 2100 оқушы оқиды. Осы жаңа ғимаратта 5-9 сынып оқушылары білім алады. Бізде жалпы 250-ге жуық мұғалім қызмет етеді. Соның 130-ға жуығы жоғары санатты. 3 спорт шебері бар. Бірнеше үйірме жұмыс істейді. Кейінгі екі жылда 25 оқушымыз НИШ, БИЛ және «Дарын» мектептеріне және Алматы қаласындағы физика-математика мектебіне түсті. Мектепте білім беруден бөрте тарбие де қатар жүруі тиіс. Жеткіншектеріміздің ұлттық бағытта тәлім алуына және жаратылыстану ғылымдарына бейімделіп, ағылшын тілін біліп шығуына бар мүмкіндік жасалған. Осы орайда бізді қолдаған облыс, қала әкімдігіне, азаматтарға алғыс айтамыз, – деді ол.

Білім беру ісінің үздігі Серікбай Қошқаров жиналғандарға ақ батасын берді.

Облыс әкімі мектеп ғимаратын аралап көріп, конференц зал, робототехника кабинеті, кітапхана, асхана, спорт залдың жұмысына танысты. Жаңа ғимаратта оқу кабинеттері, шығармашылық бөлмелер талапқа сай жасалған. Балалардың жан-жақты дамуы мен демалуына барлық жағдай қарастырылған.

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

ҚЫРАҒЫЛЫҚ ҚАШАНДА ҚАЖЕТ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Қызылорда облысының әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы облыстық комиссия отырысы өтті.

Облыстық полиция департаментінің бастығы Махсұдхан Аблазимов, облыстық мамандандырылған күзет қызметі басқармасының бастығы Бейжігіт Оспанбеков террористік әре-

кеттерге қорғанысы осал объектілердің қауіпсіздігін жетілдіру шараларын баяндап, жағдайды жақсарту бойынша ұсыныстарын айтты.

Облыстық дін істері басқармасының

басшысы Дінмұхамед Ермеков қазіргі ахуалға сәйкес Қызылорда қаласы мен аудан әкімдіктерінің діни экстремизм және терроризмге қарсы атқарған жұмыстары туралы баяндама жасады.

Жиында көтерілген мәселелер бойынша облыс әкімі жауапты тұлғаларға бірқатар тапсырма берді. Облыстық мамандандырылған күзет қызметі басқармасы аудандардағы

сумен қамтамасыз ету объектілерін күзетуге қажетті шығындарды есептеп, тиісті ұсыныс беруі керек. Ал дін істері басқармасына ақпараттық-насихат іс-шараларын күшейту тапсырмалары берілді. Мұнан бөлек, облыстық білім басқармасына оқушыларды жат діни ағымдардан сақтандыруға қатысты міндет жүктелді.



ЭНЕРГЕТИКА – ЭКОНОМИКА ӨЗЕГІ

АЙМАҚ ЭНЕРГЕТИКАСЫНЫҢ ТАРИХЫ

Тарихқа көз салсақ, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына қарасты «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» 1964 жылдың мамырында құрылған. Осы жылы Қызылорда қаласы электр тораптары мен ауандық дизель электр станциялары негізінде электр тораптарының басқармасы, 1972 жылы Қызылорда электр тораптары кәсіпорны болып қайта жасакталды.

Сол уақытта 10 және 0,4 кВ электр тораптарының ұзындығы 71 км, ал 10/0,4 кВ трансформаторлық қосалқы станцияларының саны небәрі 61, жалпы қуаты 6250 кВА болды. Кернеуі 35 кВ және одан жоғары электр берілісі желілері мен қосалқы станциялар мүлдем болмады. Кәсіпорынның баланстық құны 33 млн рубльді құрады. Персонал саны – 167 адам, оның тек екеуінде жоғары энергетикалық білімі болды.

1960 жылдардың басында облыс энергетикасы небәрі Қызылорда қаласындағы 400 кВт екі энергопоезд, Жаңақазалы және Арал қалаларындағы энергопоезд, Шиели кентіндегі энергопоездден құрылған еді. ПС «Западная», «АТД», «Залинейная» кіретін ТЭЦ-6-дан тартылған алғашқы 35 кВ әуе желісі 1967 жылы салынды.

1970 жылдың соңында «Қызылорда-Мирғалымсай» 220 кВ әуе желісі іске қосылуды облыс энергетикасы Оңтүстік Қазақстан энергожүйесімен параллельді жұмысқа кірісті. 1985 жылы «Қызылорда» 220/35/10 кВ қосалқы станциясы мен «Қызылорда-Кентау» 220 кВ әуе желісі іске қосылды. Электроэнергетика саласы белсенді дамуы кезінде кәсіпорын ұжымы облыс еңбекшілерінің үнемі алдыңғы қатарында көрінетін. Бұл жылдары облыс электроэнергетикасы дамуында жетістіктерге қол жеткізгені үшін көптеген марапаттарға ие болды.

1994 жылы «Қызылорда» қосалқы станциясында қуаты 40000 кВА екінші трансформатор пайдалануға беріліп, Шиели кентінде 4000 кВА күштік трансформаторымен 35/10 кВ «Аудандық орталық» жаңа трансформаторлық қосалқы станциясы іске қосылған. 1996 жылы Қызылорда мемлекеттік мүлкін басқару комитетінің қаулысымен «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» ашық акционерлік қоғамы құрылды.



КСРО мен жалпыодақтық электро-энергетика жүйесі құлдырауы кезеңінде «КЭТТК» АҚ жұмыс жасауы ағымдағы және перспективалық қызметінде тарату кезеңдері мен деңгейлері бойынша мақсатқа сай әзірленген бизнестің даму жоспары мен корпоративтік стратегияны қолдану қажеттілігін паш етті.

Ол жақ мемлекеттің электроэнергетикасы үшін өте ауыр кезеңінде компания, аталған стратегия мен даму жоспарына

сүйеніп, қателер мен сынақтар тәжірибесімен көптеген ұқсас электр тораптары компаниясы секілді банкротқа ұшырамай, таратылмай кеткен. Қаражат жетіспеуіне қарамастан, басшылық тиісті жұмыс көлемін іздестіріп, құрылыс-монтаж, іске қосу-баптау жұмыстары орындалуын қамтамасыз етіп, осының есебін өндірістік-шаруашылық қызметі өз жалғасын тауып, компания персонална жалақысы төленіп тұрған. Бұл жерде бірде-бір қызметкер қысқартуға ұшырамағанын ерекше айтып өтуіміз қажет.

Сондай-ақ, «Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының қаулысына сәйкес құрылған. Бүгінде Теренөзек кенті бойынша 2041 үй, 35 әлеуметтік және бюджеттік ұйым, 72 коммерциялық құрылым, Жалағаш кентінде 2542 үй, 19 әлеуметтік және бюджеттік ұйым, 113 коммерциялық құрылым, Жосалы кентінде 3273 үй, 9 әлеуметтік және бюджеттік ұйым, 72 коммерциялық құрылым толығымен «көгілдір отынмен» қамтылған.

ЖАҢА ЖЭО – АЙМАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ЖОБА

«Қызылорда жылу-электр орталығы» компаниясының да жарты ғасырдан астам тарихы бар. 1964 жылы мамырда Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулысымен облыстың шағын энергетикалық объектілері республиканың Коммуналдық шаруашылық министрлігі мен жергілікті кеңестердің қарауына Қазақ КСР Энергетика және электрлендіру министрлігіне берілді. Сол жылдың шілдесінде Қызылорда қаласы мен облыстық дизельдік станциялардың қолданыстағы желілері негізінде электр желілері бөлімі құрылып, 1972 жылы Қызылорда электр желілері кәсіпорны болып аталды.

Қызылорда жылу-электр орталығы 1964 жылы целлюлоза-картон комбинатын жылумен қамтамасыз ететін цех ретінде пайдалануға берілген. Кейін Қызылорда мен Байқоңыр қалаларында электр энергиясына сұраныстың артуына байланысты ЖЭО салуға шешім қабылданды. Осылайша нысан 1967-

1960 жылдардың басында облыс энергетикасы небәрі Қызылорда қаласындағы 400 кВт екі энергопоезд, Жаңақазалы және Арал қалаларындағы энергопоезд, Шиели кентіндегі энергопоездден құрылған еді. ПС «Западная», «АТД», «Залинейная» кіретін ТЭЦ-6-дан тартылған алғашқы 35 кВ әуе желісі 1967 жылы салынды.

1975-1989 жылдары бірнеше кезеңде кеңейтіліп, қуатты жылу-электр орталығына айналды. Бүгінде дейін қызылордалықтар электр энергиясы мәселесіне алаңдан келді. Себебі қаладағы жылу-электр орталығы 50-60 жылдан бері үздіксіз жұмыс жасағандықтан, электр желілерінің де әбден тозығы жеткен. Бұл сөзсіз электр жүктемесіне салмақ салады.

Мемлекет басшысының еліміздегі жылу-электр орталықтарының жұмысын

жандандыру тапсырмасына сәйкес аймақта ірі жоба жүзеге асуда.

Өзекті мәселені өз уақытында назарға алған аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев Энергетика министрлігімен тиісті жұмыстарды атқарып, бірлескен түрде онтайлы шешім қабылдады. Нәтижесінде Сыр өліңде бұрын-соңды болмаған заманауи үлгідегі қуаттылығы 240 мегаваттқа жететін жылу-электр орталығының құрылысы басталды. Нысан құрылысын инвестор түрік компаниясы «Акса Энерджи» жүргізуде.

Бұл – егемендік жылдарындағы инвесторлардың қаржысына салынатын ең ауқымды, теңдессіз жоба. Құны 215 млрд теңге болатын жоба 2025 жылы ел игілігіне беріледі. Бұл электр энергиясын сырттан сатып алудан арлып, өндірілген электр энергиясының бір бөлігін аймақтан тыс жерлерге сатуға мүмкіндік береді.

КӨПТІ ҚУАНТҚАН «КӨГІЛДІР ОТЫН»

2004 жылға дейін облыс халқы сұйытылған газды күнделікті ас дайындауға, қатты отынды тұрғын үйді жылыту үшін пайдаланып келді. Алғаш рет 2004 жылы облыс орталығын газдандыру жобасы іске аса бастады. 2004-2013 жылдары Қызылорда қаласының орталығы газбен қамтылды.



2014-2015 жылдары республикалық және облыстық бюджеттер есебінен Тасбөген, Қызылжарма елді мекендері, Қызылорда облысының әкімдігі мен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ арасында жасалған меморандумға сәйкес барлығы 23 млрд теңгеге 4 аудан орталығы және Байқоңыр қаласы газдандырылды. 2016-2017 жылдары облыстық бюджет есебінен Талсуат, Белкөл елді мекендерін, 2017-2018 жылдары Жосалы, Теренөзек және Жалағаш кенттерін газдандыру басталып, 53 елді мекен тұрғындары табиғи газбен қамтамасыз ететін автоматтандырылған газ тарату станциясы салынды. 2019-2020 жылдары Жақсыкылыш кенті, Жақаев, Бидайкөл, Байсын, Ғ. Мұратбаев, Қарауылтөбе, Досан, Қызылорда қаласының сол жағалауын газдандыру жобасы жүзеге асырылды. 2021 жылы 3 аудан орталығы, Қошаманов, Бекежанов елді мекендері табиғи газбен қамтылды.

2022 жылдың қорытындысымен Қызылорда, Арал, Қазалы, Байқоңыр қалалары 100 пайыз, 230 ауылдың 22-сі, яғни 9,6 пайыз газдандырылды. Былтыр 589 шақырым газ құбырлары салынып, Қазалы қаласы және 5 елді мекен газдандырылып, 13 мыңға жуық тұрғын «көгілдір отынның» игілігін көруге мүмкіндік алды.

Бүгінде облыс тұрғындары табиғи газбен қамту үлесі 72 пайызды құрап, ауыл тұрғындарының табиғи газға қол жеткізу деңгейі 42 пайызға жетіп отыр. Өткен жылы 14 жобаны жүзеге асыруға

8,7 млрд теңге бөлініп, игерілді. 7 жоба толық аяқталды. Ал биыл жыл соңына дейін 11 елді мекеннің газдандыру жобасы аяқталып, 40 мыңға жуық тұрғын табиғи газдың игілігін көретін болады. Сонымен қатар 2024-2026 жылға арналған республикалық бюджетке 23 жобаны қаржыландыруға 19 млрд теңгеге өтім ұсынылған. Жыл соңына дейін газдандыру деңгейін 75 пайызға жеткізу жоспарланып отыр.

БАСТЫ МІНДЕТ – ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Биыл облыста энергетика саласында ауқымды жобалар жүзеге асырылды. Айталық, тұрғындарды ауызсумен қамту Сыр бойындағы шешімін тапқан басты мәселелердің қатарында тұр. Орталықтармен қатар шалғайдағы елді мекен тұрғындары да судан зәрулік көріп отырған жоқ. Аймақ халқының 98,1 пайызы орталықтандырылған ауызсу жүйесіне қосылған.

Мемлекет басшысының 2021 жылғы Жолдауында Үкіметке алдағы бес жыл ішінде халықты 100 пайыз таза ауызсумен қамтамасыз ету тапсырмасы бойынша өңірімізде кешенді жоспар әзірленіп, тиісті жұмыстар атқарылуда. 2023 жылы «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» және «Ауыл – ел бесігі» бағдарламалары бойынша 23 жобаға барлығы 7,2 млрд теңге қаржы бөлінді. Жобалар толығымен аяқталған соң 163 шақырым ауызсу жүйелері жаңғыртылып, 100 мыңнан аса халықтың ауызсумен қамтылуы жақсарды.

Сонымен қатар облыстық бюджеттен Арал ауданы Құланды елді мекеніне және Шиели ауданы Жуантөбе елді мекеніне су тұщытқыш қондырғы орнатуға 38,5 млн теңге қаржы бөлінді. Жыл соңына дейін ауыл тұрғындарын ауызсумен қамту деңгейін 98,3 пайызға жеткізу жоспарлануда.

Аймақ дамуы энергетика саласының тұрақтылығына тікелей байланысты екені мәлім. Электр энергетикасы саласы бойынша да облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен ауқымды істер қолға алынды. Бүгінде өңірде 10 мың шақырымнан астам электр желілері мен кернеуліктері әртүрлі 1867 қосалқы станция бар. Олардың тозу деңгейі 68 пайызды құрайды. Сондықтан биыл электрмен қамтудың 7 жобасын жүзеге асыруға 3,7 млрд теңге қаржы бөлінді.

Сонымен қатар, «КЭТТК» АҚ жарғылық капиталын ұлғайтуға облыстық бюджеттен 1,6 млрд теңге бөлінді. Аталған қаржыға Қызылорда қаласындағы 35 дана 10/0,4 кВ қосалқы станцияны блоктық модульді типке ауыстыру, 27 дана 10/0,4 кВ қосалқы станцияның ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу, 31,6 шақырым кабель желілерін ауыстыру жұмыстары жүргізілді.

Облыс бойынша жылу беру маусымына тіршілікті қамтамасыз етуші кәсіпорындар мен әлеуметтік сала нысандарының дайындығы бекітілген кестеге сәйкес жүргізіліп, жоспарланған жұмыстар толығымен орындалды. Қазіргі таңда

2022 жылыдың қорытындысымен Қызылорда, Арал, Қазалы, Байқоңыр қалалары 100 пайыз, 230 ауылдың 22-сі, яғни 9,6 пайыз газдандырылған. Былтыр 589 шақырым газ құбырлары салынып, Қазалы қаласы және 5 елді мекен газдандырылып, 13 мыңға жуық тұрғын «көгілдір отынның» игілігін көруге мүмкіндік алды.

кәсіпорындар штаттық режимде жұмыс жасауда. Биыл «Қызылорда жылу-электр орталығының» 2 газотурбиналық қондырғысы мен 1 су қазандығын күрделі жөндеуге облыстық бюджеттен 1,5 млрд теңге бөлінді. Бұдан басқа, кәсіпорынның өз қаржысы есебінен 9 бу қазандығы мен бу турбинасына және 18 автономды қазандыққа жөндеу жүргізілді. Облыстағы барлық 1067 әлеуметтік нысан мен орталықтандырылған жылу жүйелеріне қосылған 855 көпқабатты тұрғын үй жылумен қамтамасыз етілуде.

Экономиканың электр энергиясына деген қажеттілігін жабу үшін жұмыс істеп тұрған электр стансаларын жаңғырту, реті келсе жаңа электр стансаларын салу маңызды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – басты міндеттің бірі. Шын мәнінде, еліміздің дамуы энергетика саласының тұрақтылығына тікелей байланысты», деген болатын. Қорыта айтсақ, энергетика саласында жетілдіретін түсетін тұстар аз емес. Жарқын жобалар аймақ дамуына кепіл болатынын ескерсек, салаға серпін беретін жұмыстардың желелері сапалы атқарылуына абзал.

Облыстық энергетика саласын жаңартуға байланысты көптеген шара қолға алынды. Бұл аймақтың 85 жылдығына тұспа-тұс келген тамаша табыс!

БРИФИНГ

БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ БЮДЖЕТІ АРТЫП КЕЛЕДІ

Облыстың білім саласының бюджеті жылдан-жылға артып келеді. Биыл салаға 278 млрд теңге бөлініп, бұл өткен жылмен салыстырғанда орташа есеппен 19 %-ға артқан. Жалпы 325 мектепте 180 520 оқушы білім алса, биылғы жаңа оқу жылында бірінші сыныпқа 17 543 бала қабылданған. Оларға 23 621 педагог дәріс береді. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте саланың 10 айдағы жұмысын қорытындылаған облыстық білім беру басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов алдағы жоспарымен де бөлісті.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

– 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балаларды тегін тамақпен қамтамасыз ету жоспарлануда. 8258 тәрбиеленушінің тегін тамағына қажетті 1,6 млрд теңгеге бюджеттік өтім ұсынылды. Балабақшаларға жолдамаларды есепке алуын, ата-аналарға 4 балабақшаға дейін таңдау құқығын бере отырып кезекке тұру мен оны берудің республикалық бірінші цифрлық базасы жасакталуда. 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 6 160 балабақша тәрбиешісінің жалақысы 30 % - ға көбейді. Бұл бағытта республикалық бюджеттен 1,7 млрд теңге бөлінді. Президент тапсырмасы аясында соңғы 4 жылда мұғалімдердің жалақысы 100 пайызға артты.

Жаңа оқу жылының басында облыс орталығындағы үш ауысымды оқуыту бар 6 мектептің 4-іне 1850 орынға арналған жаңа қосымша ғимараттар салынды. Осы арқылы бюджет қаржысы үнемделді.

Қызылорда қаласы, «Бойтерек» шағын ауданынан пайдалануға берілген 600 орындық жаңа мектеп 2 білім ошағының жүктемесін төмендетуге мүмкіндік берді. Өткен аптада Шиели ауданы Байсын ауылында 250 орындық мектеп ғимараты ел игілігіне табысталды. Жыл соңына дейін Қазалы ауданы Өйтеке би кентіндегі 250 орындық және Жаңақорған кентіндегі 300 орындық жаңа мектеп пайдалануға берілді. Бұдан бөлек, «Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры» есебінен 8 мектептің құрылысын салуға тиісті ұсыныстар берілді, – делі А. Есжанов.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында өңірімізде 12 300 орындық 21 мектеп салынады. Оның 4-і Арал ауданында, Қазалы, Қармақшы және Жаңақорған аудандарында 2 жайлы мектептен, Жалағаш, Сырдария, Шиели аудандарында 1 мектептен, Қызылорда қаласында 8 жайлы мектеп бой көтереді. Биыл 10 мектептің құрылысы басталса, оның 5-уі облыс орталығында салынады. Нәтижесінде өңірде 2025 жылы апатты және үш ауысымды мектептер мәселесі толық шешілетін.

Аймақта 7 835 ерекше білім беруді қажет ететін бала бар. Олардың 2 863-і 6 жасқа дейінгі, 4 972-і мектеп жасында. Облыста 22 арнайы түзету мекемесі бар. Инклюзивті дамытудың Жол картасы аясында мемлекеттік балабақшалар логопунктпен жабықталып, арнайы мамандар бөлінді.

Мектептердің 170-інде инклюзивтік қолдау кабинеттері, 8 мектепте инклюзивтік ресурстық орталықтар ашылды, 417 арнайы маман қызмет көрсетеді. Биыл Қызылорда қаласындағы №120 орта мектеп базасынан 1 педагогикалық-медициналық-психологиялық консультация жұмысын бастады. Қазіргі уақытта арнаулы педагогикалық-психологиялық қолдауды қажет ететін 1000-нан аса бала кезекте тұр. Бұл мәселені жергілікті бюджеттен арнайы жеке ұйымдарға мемлекеттік білім беру тапсырмасын орналастыру арқылы шешу жоспарлануда. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап кезекте тұрған 300 бала қамтылады.

Облыста 28 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымында 20 213 студент 94 мамандық 158 біліктілік бойынша білім алуда. 2023 жылы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығына сәйкес, пилоттық жоба ретінде Қазалы және Жаңақорған аграрлық-техникалық колледжі базаларында жалпы орта мектептердің 10-11 сыныптарындағы 46 оқушы үшін жұмысшы біліктілігі бойынша эксперименттік білім беру бағдарламалары енгізілді. Енді мектеп бітірушілер аттестатпен бірге диплом алып шығатын болады. Бұл жоба біріншіден білім алушылардың мамандық несі атанып, еңбек нарығына ерте араласуына мүмкіндік берсе, екіншіден қоғамда жұмысшы құзыреттілігін беделін көтеріп, жастардың қызығушылығын арттырады. Бүгінгі таңда колледждерде кәсіпорындардың сұранысы бойынша мақсатты даярлау енгізілуде. Кәсіпорындардың мақсатты тапсырмасы бойынша колледждерде 2022 жылы 119, 2023 жылы 251 талапкер өңімелесу арқылы оқуға қабылданды. Жалпы бұл жұмыстар Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындауға және кадрлар даярлаудың сапасын арттыруға бағытталып отыр.

Алдағы жоспарлар – еңбек нарығында сұранысқа ие жаңа мамандықтар мен құзыреттіліктердің атласын әзірлеу. Онда жақын 5 жылдықтағы өңірдің экономикалық-өндірістік дамуына талдау жасалып, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында жаңа мамандықтарға оқуы жүзеге асырылады.

Брифинг соңында басқарма басшысы БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап берді.

СҰХБАТ

Ілгеріде бір адам данышпаннан: «Дүниеде кім бақытты?» деп сұраған көрінеді. Ол ойланбастан: «Дүниеде көп адамды бақытқа бөлей білген адам бақытты» деп жауап берген екен. Шиели ауданындағы М.Ломоносов атындағы №47 мектеп-лицейде 30 жылдай тер төгіп, жүздеген шәкірт қолына бақыт кілтін ұстатқан Сәуле Нұрманова бақытты жан десек, жарасып көтері анық. Тумысынан жаратылысы бөлек, бекзат та биязы, сезімтал да сергек ұстаз тәрбиелі тәлімімен, ғибратты білімімен, әрелі өнегесімен ұрпақ тәрбиесіне, ұлт келешегіне көңіл бөліп келеді. Біз де Шиелиге барған сапарымызда Сәуле апаймен сәулелі сұхбат құрған болатынбыз.

Сәуле Нұрманова:

«ГАДЖЕТПЕН БІРГЕ ТУҒАН «ЦИФРЛЫ БАЛАЛАРМЕН» ЖҰМЫС ІСТЕЙМІЗ»



– Жеткен жетістігіңіз бен еңбек жолыңыз жастарға үлгі. Сәуле апай, өз әуелі, оқырманға өзіңіз жайлы айтып берсеңіз...

– Мектеп қабырғасында жүріп-ақ барлық адамзатты білім биігіне шындайтын ұстаздық жолда еңбек етуді армандалдым. Оған Шиели ауданы Ортақхалық ауылындағы №150 орта мектепте химия пәнінен білім берген аяулы ұстазым, марқұм Кенже Парманқұлова апайымның мәдениеті, талапшылдығы, пәнге қызықтырып, талабыңды ұштайтынны себеп болды.

1993 жылы Қызылорда педагогика институтының химия және биология пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп, 1993 жылдан М.Ломоносов атындағы №47 мектеп-лицейде еңбек жолымды бастадым. Мектеп директорының тәрбие ісі, бастауыш сыныптардағы оқу ісі, кейінді оқу ісі, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, 2020 жылдан бері мектеп-лицей директоры қызметін атқарып келемін. Мектепті 1978-2002 жылдар аралығында басқарған Сәулебай Аймаханов, 2002-2019 жылдары басқарған Сәулебай Аймаханов, 2019 жылдан бастап мектеп директорының орынбасары ретінде қызметімді атқарып келемін. Мектепті 1978-2002 жылдар аралығында басқарған Сәулебай Аймаханов, 2002-2019 жылдары басқарған Сәулебай Аймаханов, 2019 жылдан бастап мектеп директорының орынбасары ретінде қызметімді атқарып келемін.

Еңбек жолымда түрлі кәсіби байқауларға, республикалық, халықаралық деңгейдегі форум, конференцияларға қатысып, бірнеше әдістемелік жинақ, авторлық бағдарламалар жасадым. Аудандық білім бөлімінің, облыстық білім басқармасының, ҚР Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасы, Қазақстандық салалық Білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Құрмет грамотасы, ҚР Оқу-ағарту министрінің «Орта білім беру ісін үздігі» дипломымен, химияға сіңірген еңбегім үшін «Менделеев медалімен» марапатталдым.

– «Ұстаз – ұлттың көркем келбеті» деп жазғыз. Айттыңызшы, жана замандағы ұстаз бейнесі қандай болуы керек?

– Мектеп – ол білімнің ордасы, балалар мекені. Білім биігіне шәкіртті жетелеу – әр ұстаздың міндеті.

XXI ғасыр – ақпарат дәуірі, сонымен қатар ғылым мен технологияның, білім мен өнер саласының жыл сайын өзгеріп жатқаны байқасақ, қоғамда өмір сүріп жатқан кез келген тұлда даму үдерісінде болуы керектігін білеміз. Қазіргі ұстаз заман үдерісіне сай ақпараттық технологияларды жылдам меңгерген, әлемдік деңгейдегі білім сұраныстарына сәйкес ойлай алатын, өзін білген, ұғынған жаңалықтарын үдеріске енгізе отырып, алдындағы білім алушыларды сусындата алатын және сол білімді өмірде қолдануға үйрететін, баланың бойындағы түрлі дағдыларды дамытатын әмбебап тұлға болуы керек.

Қазантан шыққан тұңғыш академик, геолог-ғалым Қаныш Сұлтанов: «Білімді еңбек пен өмірдің өзінде шыңдап отыр, сонда ғана білім деп аталатын асыл тас ешқашан тот баспастан жалтырай да жарқырай береді» деген. Сондықтан адам өмір бойы ізденіп, үйреніп, заман үдерісіне сай білімді жаңартып жүруі керек. Әрине, жана заманың осындай ұстаздары әр білім беру ұйымында бар және еңбек етіп жүр.

– Уильям Шекспир: «Аулада отырғып-ақ әлемді мойындауға болады», – деген. Ауданда жүріп жасаған, республика мойындайтын қандай жаңалық бар?

– Шынында, Шекспирдің бұл сөзі дәл осы заманға арналған секілді. Себебі бір минутқа кешікпейтін ақпараттардың арқасында адамның миына сан мыңдаған қызықты идеялар келіп жатады. Сол идеялардың біздің болашақ ұрпақтарымызға қажеттілігі бар ма, жоқ па, соны анықтап, іске асыруға ұмтылсақ, дұрыс деп ойлаймын. Өйткені идеяны іске асыру үшін мақсат керек, мақсаты бар адам соған жеткісі келеді, ол үшін еңбектену керек, еңбектену үшін білім қажет, білімді болу үшін іздену керек, іздену үшін түрлі дағдыларды дамыту керек, міне, осылай бір мақсаттың өзі адамды жан-жақты дамытады.

Республиканы мойындаптып, талай

біліктерге жеттік дегеніміз артық болар, себебі облысымызда, шын мәнінде, білімді тереңінен беріп, республикалық, халықаралық деңгейде біліктерге жеткен талай білім ұйымдары бар. Сондықтан әлі де үздіксіз даму бағытында жұмыс жүргізуіміз керек. Дегенмен, мектебіміз өзінің алға қойған миссиясына сәйкес жаратылыстану-математикалық бағытта тереңдетіп оқытатын, теориялық білімді өмірде қолдана алатын функционалды сауатты ұрпақ тәрбиелеуді мақсат етіп қойған. Осы мақсатқа жету жолында 2020 жылдан бері мектеп жанынан жаратылыстану пәндерінің ашық зертханасы ашылды. Бұл – «Жасыл мектеп» жобасы аясында бірнеше бағыттарды қамтитын кешен. Мұнда балалар ашық аспан астында топырақ үлгілерін, түрін, географиялық ерекшелігін зерттесе, топырақ ылғалдылығын, балама энергия көздерін тиімді қолдану шарттарын, суаруды автоматтандыру, жарықты үнемдеу секілді физика-информатикадан білімін кеңейтуді үйренеді. Биология пәні бойынша өсімдіктерді гидропоникада өсірудің құралдарын алу, қалдықтарды өңдеу технологияларын қолға алуда. Академиялық білімді өмірде қалай қолдануға болатынын білген әрбір оқушы ғылымға да, білімге де құштар болары анық.

Осындай ізденістердің нәтижесінде

“Өз мектебімізде ғимараттағы бос орындар балалардың бос уақытын тиімді қолдануға арналған орталықтармен жабдықталған. Мысалы, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге арналған ата-бабаларымыз қолданған түрлі жәдігерлері бар ашық музей, балалардың таным дағдысын шыңдауға бағытталған психологиялық орталық, математикалық сауатты арттыратын COWORKING орталығы, салауаттылыққа баулитын асық, шахмат алаңдары бар.”

ұстаздар да, білім алушылар да облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі олимпиадалар мен ғылыми жобаларда үздіктер қатарынан табылды. Мысалы, 2021 жылы республикалық пән олимпиадасы қорытындысымен «Үздік 100 мектеп» рейтингіне енесек, республикалық «Абайтану» олимпиадасында, «Pro-eco» ғылыми сайысында, халықаралық Ә.Жолдасбеков атындағы ғылыми конкурстың әкімі Фараби атындағы халықаралық олимпиадада оқушыларымыз топ жарды. Сондай-ақ, ұстаздарымыз облыстық «Үздік тренер», «Үздік үйлестіруші», «Табысты менеджер», «Үздік сынып жетекші», «Үздік оқу орынбасары» секілді кәсіби байқаулардан жүлдемен оралса, республикалық «Үздік авторлық бағдарлама», «Үздік психолог» байқауларында жеңімпаз атанды. Жыл қорытындысы бойынша облыстық «Ынтымағы жарасқан ұжым – 2018», «Үздік шығармашыл ұжым – 2019», «Үздік жетекші мектеп – 2020», «Үздік әлеуметтік серіктес – 2021», «Озық инновациялар мен технологиялар ордасы – 2022» номинацияларымен марапатталды.

– Бала тәрбиесі – өте жауапты әрі жан-жақты жұмыс. Оқушылардың тұлға болып қалыптасуы үшін ұстаздар неңдей шаралар атқарады?

– Бұрынғы өткен ата-бабалар, ұрпақ тәрбиесін ұлттың тағдыры, болашағы деп білген. «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда, оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Абай айтты: «Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деген. Ата-ана тәрбиесі баланың бойына тұнғаннан жақсы өнегемен сіңуі қажет. Одан кейін есін біле келе айналадағы бірге жүрген достарынан дұрыс ортасы қалыптасып, мектеп жасына келгенде барып, ұстаздан тәрбие алады. Ал оған дейін қисайып өскен бұтадай дұрыс

тәрбие отбасында берілмесе, оны түзету ұстазға да оңай емес.

Осыған көп жағдайда біржақты қараймыз. Бала дұрыс тәрбие алмаса да, білім алмаса да, ұстаздан көретіндер жетерлік. «Ұлды ұлша тәрбиелесен, ұл болады, құлша тәрбиелесен, құл болады» деген сөз бар. Сондай-ақ, ата-бабаларымыз қызды барынша ізетті, сыйлай, мейірімді де ісмер, қылықты болуын үнемі қалағалап отырған. Адамның қалыптасуына ата-ана, тәрбиесі, ұстаздарынан да көп әсер ететін әлеуметтік, ақпараттық орта. Қазір ақпарат көзі өте көп және қолжетімді, оны дұрыс түсініп, қажетін ғана алмаса, дәл қазіргідей ашық заманда біз ұлттық құндылықтарымызды жоғалтып алуымыз мүмкін. Сол себепті, ұрпақ тәрбиесі – бүкіл қоғам болып айналысатын мәселе. Әрине, білім беру ұйымдары мектеп табалдырығын аттағаннан бастап түлп ұшқанша құндылықтарды бойына сіңірумен айналысады. Оқу-ағарту министрінің бұйрығымен бекітілген түрлі жобалар «Оқуға құштар мектеп», «Мектеп театры», «Үшқыр ой» дебат клубы, «Мектеп парламенті», «Жас ұлан», «Жас қыран» айналары педагогикалық қолдау орталығы секілді бала тәрбиесіне аса үлкен мән берілетін жұмыстар легі өте көп.

Өз мектебімізде ғимараттағы бос

бор мен такта, қағаз бен қалам, құр сөз бен есеп қызық емес. Оларды цифрлық дағдыларынан да жоғары ақпаратпен қызықтыру керек, қалай болғанда да, дұрыс тәрбие мен қажетті білім берілу керек. Сол үшін қарқынды даму үстіндегі заманда реформалар да көбейіп жатыр.

Реформалардың тиімді немесе тиімсіз болғанын анықтау уақыт еншісінде. Өйткені білім мен тәрбие нәтижесі бір күнде немесе бір жылда көрінбейді. Академиялық біліммен бірге оқушыларға өмірлік маңызы зор дағдыларды игертуге бағытталған «Жаңа ғасырлық құзыреттіліктер» таңдау курсы, балаларды еңбекке дайындау үшін ерте кәсіптік бағдарлауға баса назар аударылып, «Кәсіпкерлік және бизнес» курсы енді. Сондай-ақ, қала мен ауыл мектептері арасындағы алшақтықты азайтуға бағытталған ауыл балаларына арналған пән олимпиадалары ұйымдастырылуда. Бұл – болашақ ғалымдарды шабыттандыратын, ғылыммен еркін айналысатын жастар тобын қалыптастыратын ең ауқымды бағдарламалық сайыс.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен біліктілікті арттыру курстары енді педагогтер үшін 5 жылда бір рет емес, 3 жылда бір рет өткізілетін болды. Педагог мәртебесін көтеру бағытында түрлі қолдаулар, еңбекқанын көбейту, марапаттау, байқаулар, жобалар – мұның бәрі білімді дамыту шаралары.

Дегенмен бізге реформадан гөрі дұрыс мониторинг жүргізілу қажет. Мектептердің материалдық базасы, педагогтердің кәсіби әлеуеті, білім алушылардың қызығушылығы қаншалықты дайын болғаны кез келген өзгерісті енгізу үшін маңызды.

– Бір ұстаз «Балаға тамақ береміз бе, сабақ береміз бе?» деген еді. Тұтас бастауышты аумақтандыру қалай жүріп жатыр?

– Бала денсаулығын, оның дене және ақыл-ой дамуын анықтайтын бағыттардың бірі – сапалы тамақтандыруды ұйымдастыру. Қазір елімізде Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес барлық мектептерде 1-4 сынып оқушылары толығымен және әлеуметтік аз қамтылған отбасы балалары ыстық тамақпен қамтылуда, оның ішінде біздің мектеп-лицейде 532 оқушы ыстық тамақ ішеді.

Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен тамақтану стандарттарына сәйкес мектеп оқушыларына жас ерекшелігіне қарай тағамдар беріледі. Балалардың тамақтану рационалының күнделікті, перспективалық ас мәзіріне сәйкестігін комиссия тексереді, аспаздық өнімдердің, дайын тағамдардың сапасына күнделікті органолептикалық бағалау жүргізіледі.

Мектеп ғимараты типтік жобала салынған және арнайы 250 орындық асхана бар. Ыстық тамақ беру – өте күрделі мәселе десек болады. Себебі әр баланың азғасы, денсаулық жағдайы, тамақтану дағдысы әртүрлі. Оның үстіне, шынында, балалардың дұрыс тамақтануын бақылауда, әсіресе, бастауыш сыныптарда мұғалімнің көмегі қажет-ақ. Мұндай жұмыстар мұғалімдердің сабақ беру процесіне кедергі келтіруі де мүмкін. Сондықтан ыстық тамақпен қамтамасыз етуді әлі де жүйелендіру қажет.

– Ротацияға көзқарасыңыз қандай?

– Білім беру жүйесіндегі тиімді өзгерістерді қамтамасыз ету, басшылардың үздік тәжірибелерін тарату кәсіби әлеуетінің траекториясын кеңейту үшін ротация қажет деп ойлаймын.

Оқу-ағарту министрінің бұйрығына сәйкес мектеп басшылары аттестаттаудан өтіп, біліктілік санаттарын көтере алады. Ротациялау ережесінде мектеп басшысы өзінің көшбасшылық қабілеттеріне сәйкес стратегиялық даму жоспарларын орындау мақсатында 7 жылға дейін бір білім беру ұйымында еңбек ете алады, бұл әр басшының жана бастауларынан іске асыруға жеткілікті уақыт. Сондықтан ротациялау көшбасшылық әлеуетті дамытуға жана серпіліс береді деп ойлаймын.

– Білім беру саласында ер азаматтар аз. Жігіттердің мұғалім болуы дұрыс па? Ал әйел ұстаздар үй мен жұмыс арасында уақытын қалай үйлестіреді? Тым көп жұмыс отбасылық мәселелер тудырмай ма?

– Ер мұғалімдердің жетіспеуі 60-70-жылдары Түркия мемлекетінде де байқалған екен. Түркілік қоғам белсенділері: «Ер ұстаздардың аздығынан ер балаларымыз ұсақталып кетті. Ал қыздарымыз ерекшелікке бой алдырды» деп мәселе көтерді. Сол кезде арнайы бағдарлама қабылданып, ерлерді мектепке тарту алдыңғы кезекке қойылып, екі-үш жыл ішінде теңсіздік реттелген екен. Сол секілді, бұл мәселе бар екені рас. Дегенмен кейінгі жылдары «Педагог мәртебесі» заңы күшіне еніп, жалақы көбейіп, ұстаздар мәртебесі жоғарылаған соң мектепке келіп жатқан ер мұғалімдер аз емес. Мысалы, математика, физика, химия пәндері бойынша жоғары білімді жас мамандар легі көбейіп келеді. Бірақ ол ұстаздардың 20-30 пайызын ғана құрайды. Ер азаматтар ұрпақ тәрбиесімен айналысатын білім саласында көп болуы керек.

Қазақтың қыздары қашан да барлық жұмысқа үлгерген, үлгерсе де береді, өйткені олардың бала тәрбиесіндегі орны бөлек. Қазір қай маман иесінің жұмысына көз салсақ та, ешқайсысы оңай емес. Жүрек қалауымен жасалған еңбектен адам шаршамайды.

– Сұхбатыңызға рахмет. Білім биігіңе көріне беріңіздер!

Өңгімелескен
Айдар САЙЛАУОВ,
«Сыр бойы»
Қызылорда-Шиели-Қызылорда



Абыройлы еңбектің зейнеті

Адам баласы туғанда әлемге танылардай, әлемді танырдай, әлемге сіңірдей қабілетпен келері анық. Әсілі, толғаға келіп баршаға берілген мүмкіндіктің бәрине бұйыра бермесі мінезден болса керек деп топшыладық. Қайсарлық пен қайратты әділдікке серік еткен мінез, ар жолы мен заң жолын тоғыстырап тәртіп, риясыз берілу ісі, бастысы ізгілік пен мейірімге толы жүрек иемі қимастық сезім сыйлай алады. Сондай қасиеттерді бойына жинап, ұжымның ықыласына бөленген ұлағатты ұстаз, ақылшы ана, №277 мектеп-лицейінің басшысы – Тілеуғабылова Жұмагүл Қосжанқызы.

Ол 1962 жыл 5 сәуірде Төретам қыстағында дүниеге келген. Қызылорда қаласындағы педагогика институтының филология факультетін тәмамдап, еңбек жолын Ақай ауылындағы №99 мектеп қабырғасынан бастаған. Осы мектепте орыс тілі пәнінен сабақ бере жүріп, қоғамдық іс-шараларға белсене араласып, өзінің жанылыққа жаны құмар, ізденімпаз екендігін таныта білді. Еңбегі еленген ұстаз қаламыздағы білім беру мекемесінде әдіскер болып еңбек жолын жалғайды. Өз мамандығына деген сүйіспеншілік мектеп қабырғасына қайта оралтып, ағартушылық қызметін №14 бастауыш мектебінде директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып жалғастырды. 2000 жылдан бастап осы мектептің директоры болып тағайындалған Жұмагүл Қосжанқызы жұмысты жандандырып әкетті. Жаны жайсаң, мейірімді, жанашылдыққа жаны құмар, жүйелі талап қоя білетін іскер басшы білім мен тәрбиенің сапалы болуына ерекше күш салып, ұжымда ауызбіршілік пен ынтымақ орнатты. «Кембридж» инновациялық көшбасшылық деңгейлі, заман талабына сай білікті басшы Қармақтық аудандық мәслихаттың депутаты қызметінде де абыроймен атқарды.

2013 жылы ашылған мектептің басқару ісін дөңгелентіп әкетті. Тәжірибе жинақтап қана қоймай, білгенін, түйгенін өзгелерге үйретіп, риясыз жанышарымен пен салмақты көзқарасты қатар ұстап, өзіне қандай талап қойса, өзгеден де соны талап етіп, орындатты.

Ол тәрбиенің алтын дінгегі ұлттық тәрбие тағылымын дәріптейді. Ұстаз тәрбиесін алған біздің ұжым мүшелері бүгінде оқ бойы осыған мағна, ұлт болашағын тәрбиелеуде өзіне жоғары талап қоя білетін тұлғаға айналып отыр.

Білікті басшы оқушылар мен ұстаздардың білімі, біліктілігіне ғана емес, жүріс-тұрысы мен киім-кешіне де қатан талап қойды, үлкен ұжымды сыйластық, әдеп арнасына бойлауға еңбек сіңірді. Алдына барған әр жанның жүрегіне үңіліп, сергеленге түсіретұғын мәселелерін жауабын іздеп, оң бағыт-бағдар, анылық ақыл, тузу жол нұсқау арқылы барша ұжымның ақылшысына айналды.

Білім ордасы бүгінде республика деңгейінде

манызға ие құтты шаңырақ болып отыр. Сапа үшін жұмыс жасайтын бұл мектептен 2015 жылдан күні бүгінге дейін 26 «Алтын белгі», 21 «Үздік аттестат» иегері, халықаралық, республикалық білім, мәдени-спорттық сайыстардың бірнеше мәрте жеңімпаздары түлеп ұшып, бірі білікті маманға айналса, енді бірі алдыңғы қатардағы университеттердің грантын келіп алып, елдегі ғылымның дамуына елеулі үлес қосып келеді. 2022-2023 оқу жылының өзінде 60 бітіруші түлектің ішінде 54 оқушы мемлекеттік грант иегері атанып, әртүрлі салада білім алады. Бұл – білім саласының жоғары көрсеткіші.

Білім ошағы «Үздік мектеп – 2015», «Үздік білім ордасы – 2016», облыстық білім басқармасы мен облыстық кәсіподақ комитетінің «Жыл таңдауы – 2018» қорытындысы бойынша «Ынтымағы жарасқан ұжым», «Жыл үздігі – 2019», «Әлеуметтік әріптес – 2020» номинациясымен, Жұмагүл Қосжанқызы 2018-2019 оқу жылының облыстық конкурсының қорытындысымен «Орта білім беретін үздік ұйым» жеңімпазы атанып, 17 миллион теңге сертификатты иеленді. 2021 жылы да «Үздік идеялар жарысы» номинациясымен, «Жылдың ең үздік ұйымы – 2021», «Ең үздік қала мектебі – 2022», Қазақстандағы «Ең үздік 100 мектеп – 2022» номинациясы, «Озық идеялар мен технологиялар ордасы», жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың III (облыстық) кезеңінде керсеткен нәтижелері үшін «Білім шыңы – 2022» номинациясымен, Жұмагүл Қосжанқызы «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Ұстаздық жолының даралығын айқындайтын құрметті «Алтынсарин» төсбелгісі де – ұстаздың көсібі шыңға жеткенінің көрсеткіші. Бұл жетістіктер болашақ қамы үшін жасалған үлкен еңбектің нәтижесі деп нық сеніммен айта аламыз.

Ғибратты ғұмырын өнегеге айналдырып, өмірлік миссиясын дұрыс таңдай білген, ізгілікке толы өмірін білім беру ісіне арнаған жанашыр ұстаз, ардақты ана, білікті басшымызға зейнеттің тек тәтті жемісін, немере-шөбере күлкісіне толы шаңырақтың шаттығын, аласармас абырой биігін тілейміз. Алладан келген мәртебелі мамандықты абыроймен алып жүріп, көпшіліктің көңілін таба алғанымыз, мектеп атағын асқақтатып, баршамызға үлгі бола білгеніңіз, биік таламы бар басшы болғаныңыз үшін ерекше алғыс білдіреміз.

Жұма МАХАМБЕТОВА,
Тогжан СЕРІКОВА,
№277 мектеп-лицейінің мұғалімдері

– Ассалаумағалейкум, аға!
– Уағалейкумассалам!
– Аға, денсаулығыңыз жақсы ма, таныдыңыз ба? – дедім.
– Әй, інім-ай, сені неге танымаймын? Ағасы інісің ұмыта ма екен? Тек тірліктен қолың қалт еткенде келіп сәлем бермегенің болмаса, сендей ініні ұмытуға бола ма? – деп ағалық базынасын әріден білдірді.
– Кел, айналайын, төрге шық. Көп жылдан бері өзің көрінбей кеттің, осы қалдасың ба әлде басқа жаққа көшіп кеттің бе? – деп хал-жағдайымды сұрады.

Токсанның екеуінде болса да Байсерке Райымқұлов ағамыз ширақ көрінді. Ішімнен тіл-аузым тасқа деп қойдым. Ағамыз денсаулық саласының ардагері, бұрынғы Сырдария ауданындағы ауруханада 40 жылдан аса бас терапевт дәрігер және терапия бөлімінің меңгерушісі қызметін қоса атқарған. Бүгінде Тасбөгет кентінің абыз ақсақалы атанып отырған Байсерке Махмұтұлымен арамдылағай әңгіме басталып кете берді.

– ...Е-е-е, інім-ай, мен бұл дүние дүрбелеңге түсіп, «халық жауы» деп иті жақсылар қудалауға ұшырап жатқан аласапыран заманда 1931 жылғы күздің соңы айы қарашаның 26-сында дүниеге келіпін. Мына Алматы қаласы маңында «Байсерке» деген станса бар, сол жерде өмір өсігін ашқам. Есімімді соған байланысты қойса керек.

Махмұт әкем өз заманында орысшаға жүйрік кісі болған. Өте қағыз, зәтек, алғыр, барынша ширақ еді. Әйтеуір, келесі үкіметі жүргізген саясатта орысша білген адам жерде қалмаған ғой, көкем қазақшаны орысшаға аударатын тілмаштық қызмет атқарған. Тартоғайдан Алматы көшіп келуінің себебі де сол болса керек. Негізі әкем о баста Теміржолшы еді. Онда орыс ұлты көп болғандықтан, тіл үйренген. 1920 жылы көкемді құқық қорғау органына қызметке ауыстырған. Қазақ азаматтарын қуғын-сүргіннен алып қалып, талай жанға көмектескен көрінеді. Осынысын біреулер сезіп қойды ма, басына басқа бір қатер төнді ме, кім білсін, 1933 жылы бізді бір күнде Сыр өңіріне туған жері Тартоғайға көшіріп жіберді. Сөйтпеді де әкемінің өзі Алматыда қызмет бабымен қалып қояды. Мен ол кезде екі жасар баламын, қарным ашып жылаудан басқа нені білгендеймін? Тартоғай жақта анамың төркін жұрты бар екен. Бәлкі соларды сағаласын деді ме әлде туған жерге барса өлмес деді ме, ол жағын білмедім. Анам Бибігүл айналысына ықыпалы жүретін,



Бейнетпен жеткен баянды ғұмыр

дәулетті Шәмәт найманның қызы еді. Сол кісінің үлкен баласы Шаймерден ағаның қолында тұрды.

Ол кездегі ауыл адамдарының пейілі де, көңілі де даладай кең болған ғой. Басымызда баспанамыз жоқ бізге ауыл адамдары мен нағашы жұрт бас болып асарлатып балықшының ертегісіндейдей үй тұрғызып берді. Үй біздер үшін хан сарайындай көрінгені анық. Мен сол жоқшылық пен таршылықтың кесірінен тез есейіп, тез ержеттім-ау деймін. Анам байғұс жұмыстан шаршап келгенде құшақтап бауырына басып жылап алатын. Арасында күбірлеп «Әкең байғұс, аман болса болғаны ғой. Тірі болса, ендігі келетін уақыты болды ғой» деп мені қыса түсіп, ұйықтап қалатын. Ондайда бауырынан сатылып шығып, үстіне шапан жабамын. Ертеңіне бізге қарауға шамасы келмей, жұмысқа ерте кетіп қалатын. Үйдегі 6-7 бас уақ малға қараймын. Оны нағашыларым енші етіп берген. Бірде аш, бірде тоқ, өміріміз өтіп жатты. Бажай екеуіміз қас қарая жұмыстан шаршап келетін анамдызды асыға күтіп отырамыз. Ол үйге кіріп келгенде қарнымның ашқанын сезетінін. Ауыз толтырып жейтін тамақ та жоқ. Анам байғұс жұмыстан әкелген бір уыс бидайын қара суға қайнатып бізге атала жасан берді. Тамақтан артылса, күндіз Бажай екеуіміз қол диірменге тартып ұн етіп қоямыз.

Негізі біртөбеткей болып өстім. Ауылда жүріп қатардан қалмай мектепке бардым. Жақсы оқуға тырыстым. Бірін білгім келетін. Ол кезде сабақ та дұрыс өтпейді. Күнде бір нәрсе шығады. «Ойбай, бәленше молда «халық жауы» екен, соны үш әріп алып кетіпті»

деп жатады. Баламыз ғой, ол жағын біз түсіне бермейміз. Ондай хабарды далада естіялардан естіміз. Естігенімізді үйге айтсақ, анам қолымен ауызымды баса қояды. «Ойбай, балам, тыныш жүр. Жұртқа ешнәрсе айтушы болма, әйтпесе, сені де ұстап алып кетіп жүрер» деп зәресі қалмайтын. Сөйтпеді де есіктен шығып, ешкім естіп қоймады ма дегендей, сыртты бір қарап келетін. «Сөзді неғыла-сындар, өлмейтін жақтарыңды ойлаңдар! Анау, келіп қалар деген әкелерің әлі жоқ» деп жанарынан жас ыршып түсетін. Содан үнсіз қаламыз.

«...Шіркін, әкем болғанда ғой, мынадай жылап-сықтау болмас еді-ау» деп ой кешемін. «Үйіміз бұдан да жарық әрі жылы болар еді ғой. Әке, қайдасың, тезірек келсең» деп есікке телміретінім. Күндіз әкем келіп қалмады ма екен деп көкемді танымасам да, «Тартоғай» стансасына барып қайтатынымын. Солай көп жылдарым хабарсыз кеткен, Алматыда жұмыс бабымен қалып қойған әкемінің жолын тоспаумен өтті. Оны өзімнен басқа кім білсін, балалық мұңымды, әкеге деген сағынышымды кім ұқсын? Бұны айтып отырған себебім, әкемің қадірін, бағасын жастар білсін дегенім ғой.

Содан арада 9 жыл өткенде қай жақтан екенін білмеймін, Махмұт әкем үйге келді. Ол кезде есейіп қалғанмын. Анау-мынау үй шаруасын атқарып жүрген кезім. Бажай екеуіміз мөзбәті. Анам байғұс отағасының оралғанына қуанышты. Ертеңіне ақсарбас мал шалып ауыл-аймаққа құдайы берді.

Көкем келген бойда жол бойына жұмысқа тұрды. Бес-алты айдан соң аудан басшылары туған

жері Тартоғай ауылдық кенесіне төраға етіп тағайындалды. Ол кезде Тартоғай Шиелиге қарайтын. Шамалы уақыттан соң ІІ дүниежүзілік соғыс басталды да кетті. Ауылдан азаматтар майданға лек-легімен кетіп жатты. Бұрынғыдан да ауыр жылдар енді басталды. Жігіттер соғысқа аттанған сайын көкемің екі ымығ салырып, көзі жасаурап, мұнайып үйге келеді де, терең күрсініп, көзін жұмып жерге отыра кетеді. «Арыс азаматтарым-ай, соғыстан аман-есен келсе екен» деп екі ымығ соққылап барып басылатын. Бірнеше жас жігіттің атын атап, «боздақтарды айтсаңшы, олар не көрді, кеше ғана үйленіп еді, артында жылап-сүйреп жары қалды. Жалғыздарын майданға жіберіп жатқан ағайындардың күні не болмақ?» деп қиналғанда түнімен ұйықтамай, үнілеп шығатынын талай көзім көрді. Соғыстың не екенін сонда ұқтым.

Ауыл балалары болып жігіттерді шығарып салуға топырлап вокзалға барамыз. Ол жерде ызғын шу, жылап-сықтау, қошталар. Бір ағайынның жалғыз ұлын қан майданға аттандырып салып, жер бауырлап жата қалып «Жалғыз-ау, ажалға сені өз қолыммен шығарып салдым-ау» деп ботадай боздап жылағанын көргенде сүйсігім сырқырады. Оны көріп біз де үйге жылап қайтамыз. Міне – мен көзбен көрген соғыс шындығы. Бала болсақ та, анадай көріністен кейін үйге келгенде көмейімізден тамақ өтпей қалатын. Тамақ ішпестен сабаққа кетеміз. Оқудан келе үй тірлігін істеп, уақ малға қараймын. Егінге барамыз, масақ тереміз. Айналана қарасаң, жұрттың енесі түсіп кеткен, ешкім

де күлмейді. Адамдардың қабағы катулы, бәрі де күн-түн демей егінде, малда жүреді.

Соғысқа кеткендерден өлді деген үшбұрышты «қара қағаз» келе бастады. Көкемің сондай кездегі түрін көрсеніз, шошныс. Жүзі қап-қара, екі жағы суалып, бір сүзек ауруынан тұрғандай кейіпте қалады. Алдында тұрған әскери адамды құшақтаған күйі «бұның өлгенін қалай естіртеміз, мына қаралы қағазды қалай береміз?» деп енірегін көргенде, сол жердегі жұрттың бәрі қосыла жылағанын білем. Осылай ауылға екі-үш «қара қағаз» келгеннен кейін әкем өз еркімен төрағалықтан кетуге арыз берді. Оның себебі айтпааса да түсінікті. Ағайынға өлімді естіртуден ауыр нәрсе жоғын жүрегімен, жаңымен сезінді. Қайғылы адамның көзіне ең жаман, сұмайы жаңдай көрінетінін түсінді, бірден майданға сұранды. Басшылар ол кісіні үгіттеп: «Жана үй берейік, ауылдық кенестің төрағасы болып істей бер» дегенде көкем: «Жаңа үйдің маған не керекі бар? Ауылдағы ағайынның қабырғасы қайғыдан сөгіліп жатқанда, қай бетіммен әлемі үйден кіріп-шығам. Болмайды. Мына қайғыны көтеріп жүргенше, мені соғысқа алындар, болмаса басқа жұмысқа ауыстырындар, шынмен маған жандарын ашыса... Ауылдағы ағайынға азалы хабар жеткізіп қарабет болғанымша, одан да соғыста өлейін» деп төраға болудан бас тартады. Алайда көкемді майданға алмай, қайтадан сол теміржолға Шиелидегі 21-бекетке басшылық қызметке жіберді.

Соғыс аяқталғанда 7-сыныпты бітірдім. Елдің жағдайы бірден түзеліп кеткен жоқ. Теміржол бойында көбіне орыстар жұмыс жасайды. Солардың балаларымен ойнап жүріп орыс тілін үйрендім. Жетіншіні бітірісімен тұрмысымызды түзету үшін жанымды сала жұмыс істедім. Сауданмен айналыстым. Әкемің күндіз-түні жұмыстан қолы босамайды. Поезда жүріп анам пісіріп берген нанды сатам. Шаруашылықтан еңбекке алған күршіп, бидайды Шиелиге базарға апарып сатып келем. Біртіндеп ауыл адамдарының да жағдайы жақсара бастады. Сауданың арқасында біз де оңалып қалдық. Көкем «Тартоғай» стансасына қызметке ауысты. Бұл 1949 жылдар шамасы. Теміржол әкеме жаңа үй берді. Осыдан бастап әкем менің барлық жұмысты тастап, қалаға барып, оқуға түсуімді қалады.

Сөйтіп 1950 жылы Қызылордадағы медициналық училищеге құжаттарымыз тапсырылды. Орыс тілін жақсы білгендіктен емтихансыз, комиссия сұхбаттасу арқылы оқуға қабылданды. Сөйтіп

арманым жетіп, фельдшерлік бөлімнің студенті атандым. Оны 1953 жылы қызыл дипломмен бітіріп, өзіміздің Жаңақорған ауданындағы «Бірлік» шаруашылығына жолдамалармен фельдшер болып, еңбек жолымды бастадым. Ол кезде жоғары білімді дәрігер ауыл арасында некен-саяқ. Тіпті жоқ десек те болады. Ауылда медициналық пункт ғана бар. Техника деген атауымен жоқ. Онда екі медбрат, бір-екі медсестра жұмыс істейді. Жұмыс ауқымы кенесі. Ауыл адамдары әр жерде орналасқан, қазіргідей көше жоқ. Астында велосипедім бар. Желді күні онымен жүре алмайсың. Болмаса біреудің атын сұрап мінеміз. Малшылар ауыл сыртында шалғайда орналасқан. Күндіз-түн, қыс-жаз демей, ауа райының ыстық-суығына қарамай, науқас шақырса кете береміз. Қараңғыда тау ішінде қасқыр қамаған да кездер болды. Алайда науқасқа баруың керек. О кезде жауапкершілік деген бірінші орынды.

1958 жылы Ақтөбедегі медициналық факультетіне оқуға түсіп, 1964 жылы бітірдім. Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастығы С.Махашованың бұйрығымен «Тартоғайдағы» ауруханаға бас дәрігер болып келдім. 1971 жылы Сырдария аудандық ауруханасына бас терапевт етіп тағайындалды, 1992 жылға дейін абыройлы жұмыс жасап, зейнетке шықтым. Дәрігердің мықтысы – ауруға ауру қоспағаны. Негізі науқасты әлден зерделеп, анализдерін толық алдырып барып диагнозын қойған дұрыс. Екінші жағынан менің ең негізгі тәсілім көзімді қазақша тамыр ұстау арқылы ауруды анықтаймын. Бүгінде бұндай табиғи қабілет кез келген дәрігердің бойынан табыла бермейді.

Денсаулық саласында жүргенде күш-жігерімді, білім-білігімді адамдарға жұмсадым. Босана алмай жатқан аналарды операция жасап, ажалдан аршалап аман алып қалған кездерім көп болды. Арумының тазалығына қуанам. Өзінің мамандығыңды таса атқару адами борыш деп білемін. Міне, бүгінгі баянды ғұмырыма осылай бейнетпен жеттім, – деп Байсерке ақсақал сөзін аяқтады.

Иә, қуғын-сүргін жылдары дүниеге келіп, балалық шағында соғыстың кермек дәмін татып, бүгінде егемен елдің тілеуіне қуанып, төксанның үшеуіне аяқ басқалы отырған Байсерке Райымқұлов ағамыздың өмірі бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге.

Кенжалы ЕРІМБЕТОВ,
Ақпарат саласының үздігі

ҚАЗ-ҚАЛПЫНДА

Жаман дос – көпеңке

Аялдамада кезекті бір автобусты күтіп отырғанмын. Орта бойлы, кең ымықты, жүзі жылы азамат келіп, аман-саулық сұрасты. Таныстығы жоқ. «Бұл кім болды екен?» деген оймен:

– Айып етпейсің, танымалым. Кім боласың? – дедім.
– Жылы ғана шымыған ол!
– Мен сізді сырттай білемін, қаламгер боларсың? – деді.
– Иә, дұрыс айтасыз.
– Сізге азын-аулақ өтінішім бар. Уақытыңыз болса әңгімелессек. Өйткені, көптен көкейімде жүрген бір мәні зор әңгіме бар еді. Соны айтсам, ал сіз оны көпке жеткізесіз.

Мейрамханаға барып, әңгімедүкен құрдық.
Байқаймын, Ардақ – жүрегі жоғарт, алақаны ашық азамат. Тұрмысы томен отбасыларға қамқор қолын созып жүрген көрінеді. Содан болар, дос-жараны көп.

– Кешірсеніз, мен өзімді дәріптеп кеткен жоқпын ба? Достық жайлы көптен көкейімде жүрген бір толғақты мәселе бар еді. Ендігі әңгіме желісін соған бұрсақ.

Біз сонау «Қарақұм» қойнауындағы шағын ауылда өсіп, өркен жайдық. Ауылдағы он жылдық оқу ордасынан бары-жоғы 12 оқушы дәріс алғанбыз, оның бесеуі – ер-азаматтар. Тағдырдың жазуы болар, екеуі өмірден ерте озып, бүгінде үшеуіміз тай-құлындай тебісіп, бірге келеміз. Жасыратыны жоқ, әркімнің өз тіршілігі бар, содан болар сирек кездесеміз.

Алла сәтін салып, жақында Ербол есімді қаласта досыммен

жолықтым. Көптен көріспегендіктен айқара құшақтасып, аман-саулық сұрастық.

– Ардақ, сені әдейі іздеп келдім. Алла жазса, алдағы сенбиде коньес тойын жасамқпын, соған міндетті түрде Айгүлдіңді алып келерсің.

– Шағын үйің үш қабатты қоттедж ғой...

– Иә, ақ дастарханға өзің сияқты алақаны ашық азаматтарды шақырып жатырмын, досым.

– Барамыз, досым. Айтқандай, Серікті шақырдың ба? Кластас-тардан үшеуіміз ғана қалдық қой.

– Ой, жоқ та, күнін итішілеп әрең көріп жүрген оның не керекі бар? Тұратын жері анау – біреудің үйінің сарайы. Нанын зорға тауып жүрген ол біздің ортаға мүлде лайық емес.

– Сонда сенің үйіңе қандай адамдар барады?

– Өзің бар, Мөкен бар, Жөкең бар, анау дәкей Дәкең бар дегендей. Бәрі де байлық пен билік басындағылар ғой.

– Е, досым, өзіңнің қандай адам екеніңді таныттың ғой.

– Неге?

– Ақшасы бар, қызметі мен мансабы бардан өз отбасын өзі сүйреп, күн көріп жүрген адамның не айырмашылығы бар? Ақшасы барлардың бізден қай жері артық? Әлде байлығы мен билігі барлардың төрт көзі, үш құлағы бар ма? Дүние деген – қолдың кірі, бүгін бар, ертең жоқ. Алла бетін аулақ қылың, ертең басына іс түссе, әлгі азаматтар жаныңнан табыларына кім кетпеді? Сонда Серік досымыз сенің ортаңа лайық

болмағаны ма? – дедім де, жүре бердім.

Ербол досым осы әңгімеден соң ойланса керек. Ертеңіне кластас досымыз Серіктің үйіне шақыруға барады. Жатаған сарайдан жүгіре шыққан Серік:

– Ассалаумағалейкум, Ереке бауырым, қалай амансыздар ма? Көп болды ғой көрмегені, қайда жүрсің? Әй, Маржан, шық бері, Серік досым келді, – деп Ерболды қапсыра құшақтайды.

Үйден жүгіріп шыққан Маржан да жағдай сұрасып жатыр.

– Әй, Маржан, давай, шайынды қойып, дастарханыңды жаса, – деген Серік Ерболды үйге шақырып, бөйке болды.

– Жо... жоқ, Сәке, менің уақытым жоқ. Сендерді ертеңгі коньес тойыма шақыруға келдім. Маржан қалмасын.

– Қоныс тойың құтты болсын, міндетті түрде барамыз. Қазір уақытың болмаса, қолың қалт еткенде шай-пайға келерсің, – деді. Ерболды шығарып салады да:

– Маржан, әлгі жинап жүрген азын-аулақ тиын-тебенді есептейік. Досымыздың тойына құралақан баруымыз уят болады.

Жылы қымған Маржан:

– Ол-пұл аламыз ғой деп жүр едік, – деді.

– Ол-пұлды қоя тұр. Ербол досымының үйіне үлкен бір кілем алайық, әйда базарға барайық, жинал.

– Серік, менде той көйлегі жоқ қой, бір әдемі көйлек алайықшы.

Қарқылдай күлген Серік:

– Әй, Маржан-ай, саған менен басқа кім қарайды дейсің? – деді.

Екеуі түкті кілем сатып алып, тойға тарту жасайды. Сый-сыяпатты қабылдап алған Ерболдың жүрегі дүрс-дүрс етті. Шамасы, сый-сыяпатқа емес, қайта қауышқан досына деген сағыныш сезімі болса керек.

Ағайынға айтар әңгімем осы еді, – деп әңгімесін аяқтады ол.

Мына қысқа жіп күрмеуге келмейтін алмағайып заманда дос пен ағайынның арасы ашылып бара жатқандай. Қолында барда ғана керексің. Аяғыңды шалыс басып, басына іс түскенде дос іздейсің. Мұндайда досың сәлемін сатып береді де, бұрыш айнала қашады.

– Жаман дос – көленке, Басыңды күн шалса, Қашып құтыла алмайсың.

Ал басыңды бұлт шалса, Іздеп таба алмайсың, – деген сол.

Еркін ӘБІЛ,
жазушы-журналист,
Арал ауданының құрметті азаматы.

«ҚЫС-2023» ШЕБЕРЛІКТІ ЖЕТІЛДІРГЕН ЖИЫН

Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің басқару органдарын, күштері мен құралдарын қысқы төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдарға даярлау мақсатында облыстық төтенше жағдайлар департаментінің ұйымдастыруымен «ҚЫС-2023» атты командалық-штабтық оқу-жаттығу жиыны өтті.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»

Арнайы-тактикалық жаттығуға облыстық төтенше жағдайлар департаменті, ТЖД өрт сөндіру және авариялық құтқару қызметі, Апаттар медицинасы орталығы Қызылорда филиалы, Ұлттық Ұлан, полиция департаментінің қызметкерлері, қоғамдық ұйымдардың өкпелері, еріктілер, қаланың авариялық-құтқару қызметтерінің жұмысшылары жұмылдырылды.

– Оқу-жаттығу өткізудегі мақсат – кез келген қиын жағдайда міндеттерді мұлткісіз орындау, шеберлікті жетілдіру. Жиын барысында тәжірибелік тапсырма пысықталып, жаттығу кезінде үздіксіз байланыстың болуына және өзара әрекеттестікті ұйымдастыруға басам берілді. Шараға 17 техника

мен 92 адам қатысты. Қазір жедел топ және шұғыл күштер белгіленген пунктке келіп, барлау жүргізіп жатыр. Олар жағдайды бағамдап, қанша күш керек екенін есептеп береді. Құрылған жедел топ көмекті жедел жеткізудің жолын қарастырып, одан әрі құтқару жұмыстарына иресең, – деп түсіндірді облыстық ТЖД төтенше жағдайды жою басқармасының бастығы, подполковник Жандос Досымов.

Еліміз бойынша өтіп жатқан оқу-жаттығу осылайша Сыр өңірінде өз деңгейінде ұйымдастырылды. Штабтың жұмысы мен әрекетін облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орын-

басары, полковник Бекболат Әбдіқадыров бақылап отырды.

Жиын соңында командалық штаб бастығы азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің басқару органдары мен күштері қысқы кезіндегі төтенше жағдайлардың алдын алуға және жоюға арналған шараға оң бағасын берді.

Сонымен қатар сол жағалауда жедел ден қою жасағының саптық қарауы өткізілді. Онда облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Ерлан Бекіров, ТЖМ Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің облыс бойынша департаменті бастығы Жанұртай Балғабәев, облыстық ТЖД бастығы, полковник Руслан Қайрақбаев жеке құрамның материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін, киім-кешекпен жабдықталуын және жауынгерлік дайындығын тексерді. Сондай-ақ үздіксіз қар жаууы салдарынан жолда қалған, зарлап шеккен азаматтарды эвакуациялау және ыстық тамақпен қамтамасыз етудің дайындық жұмыстары №6, №10 орта мектептерде жүргізілді. Жалпы облыс бойынша оқу-жаттығуға 1184 жеке құрам мен 367 техника жұмылдырылды.

Хабарландыру

27.12.2023 жылы сағ. 10:00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, С.Сейфуллин ауылы, Қ.Әбдірей көшесі №32 үй мекен-жайында «С.Сейфуллин Жер» ЖШС-нің (БСН 041240001292) кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілетінін хабарлайды.

Жалпы жиналыстың күн тәртібі:

1. «С.Сейфуллин Жер» ЖШС-нің құрамындағы қайтыс болған қатысушыларды серіктестік құрамынан шығарып, мұраға құқық туралы куәліктерге сәйкес тиісті мұрагерлерді жарғы және құрылтай шартына енгізу.

2. Күн тәртібіне қараған мәселелер бойынша өзгерістерді құзіретті органдар тіркеу бойынша өкілеттілер беру туралы.

«С.Сейфуллин Жер» ЖШС әкімшілігі
(БСН 041240001292)

Хабарландыру



Бименді Баймаханов көшесінде жалпы ауданы 576 ш.м. екі қабатты жаңа ғимарат жалға беріледі. Байланыс телефоны: 8-701-350-25-84.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы университеттің ардагерлер кеңесінің төрағасы Қазыбай Құдайбергелұлына ағасы, оқу орнымыздың ардагері Әбенова Жамал Әнуарқызына әкесі
Әбенов



БӘРЕКЕЛДІ!



Гулнара —

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘН
БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

Күралай Мейрамбек Ұлыбритания астанасы Лондон қаласында өткен «Golden Time Talent» атты халықаралық таланттар фестивалінде I орын иеленді.

Сб Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»

Сыр сандуғашы эстрадалық ән мектебінің өкілі. Өнер өлкесінің дарынды перзенті, Қорқыттан мұра болған саз-сарынды әлем сахналарында әуелетіп жүрген әнші.

Ол – отбасының төртінші перзенті. «Шабыт» Қазақ ұлттық өнер академиясының түлегі. Жастайынан халық аспаптарын тыңдап, өнерге құштар болып өскен. Күралайды кішкене кезінен әкесі Мейрамбек Әбдуллаев әнге баулыған.

Жас әншінің ата-анасы Сырдария ауданы Амангелді ауылындағы өнер мектебінде дәріс беріп, туған жердің талантты жастарын тәрбиелеп келеді. Отбасының тұңғышы Гүлзат Әбдікәрімова – бүгінде ел сүйіп тыңдайтын «Қоңыр» тобының әншісі. Одан кейінгі Ұлпан Әбдікәрімова – «Шабыт» ұлттық өнер академиясы колледжінде оқушы. Италияда консерваторияда оқуын жалғастырып, магистратурасын бітірген. Үшінші перзенті Бақдәулет болашақ дәрігер болғанымен, ол да өнерден алыс емес, бірнеше байқаулардың жеңімпазы. Шаңырақтың кенжесі Дулат Әбдікәрім бүгінде «Шабыт» ұлттық өнер академиясы колледжінде 2 курс оқиды.

– Күралай осы халықаралық байқауда «Listen» атты ән орындап, қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды. Қазақстан атынан жалғыз өзі қатысып жеңімпаз атанды. Бұл – еліміздің мерейі, – дейді продюсері Манарбек Абаев.

БРИФИНГ

САЛА ЖҰМЫСЫ ТЫҢ
ЖАҢАЛЫҚТАРМЕН ТОЛЫҚТЫ

Облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Мира Қазбекова өңірлік БАҚ өкілдерімен кездесіп, салада жыл басынан бері атқарылған жұмыстар туралы айтты.

Сб Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Бүгінде облыс көлемінде 410 мәдениет, өнер, архив және 41 спорт мекемесі халыққа қызмет көрсетеді. Биыл 2 мәдениет нысаны және 6 спорт кешені пайдалануға берілген. Жыл соңына дейін тағы 3 мәдениет нысаны және 5 спорт кешені іске қосылады.

– Жылдың айтулы жаңалықтарына тоқталар болсақ, аймақ басшысының бастамасымен отбасылық құндылықтарды нығайту, жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беру және заманауи қазақ анасының бейнесін қалыптастыруға бағытталған «Анаға тағзым» және Отбасы орталықтары пайдалануға берілді. Бұдан бөлек, көпфункционалды 1000 орындық Өнер орталығының құрылысы қарқынды жүргізіліп жатыр. Жаңа ғимаратты жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарланып отыр, – деді М.Қазбекова.

Облыстың 85 жылдығына орай мәдени, танымдық іс-шаралардың барлығы мерейтойға бағытталды. Осы орайда жас таланттарды табу, өнер әлеміне жаңа есімдерді шығару мақсатында халықаралық, республикалық, аймақтық және облыстық байқау-фестивальдер, жыр мұшәйралары, ақындар айтысы ұйымдастырылды. Өзге өңірлерде және шет мемлекеттерде өткен халықаралық, республикалық конкурстарда 60-тай өнерпаз бас жүлдені жеңіп алса, 88-і жүлделі орын иеленді.

Биыл тұңғыш рет композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері К.Дүйсекеев атындағы «Туған жер» деп аталатын I халықаралық әншілер конкурсы ұйымдастырылды. Ұлт руханиятының көрнекті өкілі, мемлекет және қоғам қайраткері Т.Жүргеновтің 125 жылдығына орай «Ұлт руханияты және Темірбек Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, «Жыр арқауы – Жүргенов» атты республикалық жыр мұшәйра, облыстық тарихи-өлкетану музейі және «АЛЖИР» музейінің бірлесуімен «Қазақ руханиятының жарық жұлдызы» атты дөңгелек үстел өтіп, қайраткердің қазақ тарихындағы орны тың деректермен айнықталды. Ақын, тырау Ж.Қадірбергелулының 150 жылдығына арналған «Қара өлеңнің шебері – Қапылы Жүсіп» атты республикалық ақындар айтысы, сондай-ақ, «Қорқыт және Ұлы дала сазы» атты халықаралық фольклорлық-өнер фестивалі биыл алтыншы рет өткізілді. Фестивальге шет

елдерден және елімізден 200-ге жуық өнерпаз келді.

Басқарма басшысының айтуынша, биылдан бастап аймақ басшысының қолдауымен облыстың мәдениет саласындағы 10 маман шетелдерде біліктілігін арттыра бастады. Осы орайда облыстық филармония солистері Италияның Анкона қаласындағы Озимо опера академиясында тәжірибе алмаса, театр, филармония және халық шығармашылығы орталығының шығармашылық және техникалық мамандары шеберлік дәрісіне қатысу үшін Беларусь республикасының Витебск қаласына іссапарға шықты.

Араға 17 жыл салып, Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының Алматы қаласында гастрольдік сапары ұйымдастырылды. Шығармашылық сапар аясында театр репертуарындағы 4 үздік қойылма алматылық көрермендерге ұсынылып, лайықты бағасын алды. Тағы бір айта кетерлік жайт, мүмкіндігі шектелуі өнерпаздар шығармашылығын шыңдауға арналған «Арман» инклюзивті театры іске қосылды. Сонымен қатар бұған дейін қала әкімдігі жанында үйірме ретінде жұмыс жасап келген «Жастар театры» өз алдына кәсіби ұжым болып қайта құрылды.

–Өңірде классикалық өнерді дамыту, көрермендерге концерттерді кәсіби әрі жаңды дауыста ұсыну үшін облыстық филармонияда кәсіби музыканттардан құрылған симфония оркестрі жұмысын бастады. Биыл 21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай облыс әкімінің мәдениет және әдебиет өкілдеріне арналған арнайы «Туған» сыйлығы табысталып, облыс мәдениет ұйымдарындағы 8 өнер ұжымына 40 домбыра берілді. Ақындыққа бейімі бар балаларды айтыс өнеріне баулу мақсатында өңірмізде тұңғыш рет балалар мен жасөспірімдер арасында «Айтыс олимпиадасы» өткізілді. Сонымен қатар республикада тұңғыш рет Сырдың жас ақындарының Алматыдағы поэзия күндері өтті, – деді басқарма басшысы.

Облыстың 85 жылдығына орай

тарихи деректердің көшірмесін алу үшін облыстық архив қызметкерлері Ресей Федерациясы Орынбор бірлік мемлекеттік архивінде зерделеу жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде, XVIII-XIX ғасырлардағы облыс тарихына қатысты құжаттардың 2000 парақтан аса көшірмесі алынды. Бұл құжаттар толық зерделеніп, заңнама талаптарына сәйкес жалпы жұртшылық назарына ұсынылады.

Ерекше атап өтер жаңалық, биыл Сыр өңірінде жылдар бойы жүргізілген археологиялық жұмыстардың нәтижесінде «Шірік Рабат сак жауынгері», «Сығанақ ханшайымы» реконструкциялары жасалды. Жуырда ресми танымталымы өткізіледі деп жоспарланып отыр. Сондай-ақ, «Сыр елі» энциклопедиясы, «Сыр елінің тарихы» кітабы, «Қызылорда облысы: 1938-2023» кітап-альбомы әзірленді.

Спорт саласына келсек, өңірде 1322 бұқаралық спорт шарасы ұйымдастырылып, оған 123 мыңнан астам адам қатысқан. Білікті спортшылар мен спорт резервтерін дайындау мақсатында ҚР чемпионаттары, халықаралық, республикалық, облыстық біріншіліктер өткізілген.

Спортшылар еліміздің өзге өңірлері мен шет елдерде өткен жарыстардың, оның ішінде Әлем, Азия чемпионаттарының жеңімпазы атанған.

Биылғы жылдың басты жаңалығы, Қытайда өткен Азия ойындарына 25 спортшы 13 спорт түрінен қатысып, нәтижесінде дзюдодан 3 қола, стэнд атудан 1 қола, қарагөзден 1 күміс және бокстан 1 күміс жүлде иеленді. Бұл – облыс спортшыларының рекордтық көрсеткіші. Сондай-ақ осы елде өткен Пара Азия ойындарына 8 спортшы қатысып, дзюдодан 1 алтын, волейболдан 2 күміс медаль қанжығалады. Мажарстан мемлекетінде қаратенд (WKF) өткен Әлем чемпионатында Мөлдір Жанбырбай Қазақстан тарихында тұңғыш рет Әлем чемпионы атанып, ел абыройын асқатты. Ал «Кайсар» футбол клубы биыл Премьер-Лига командалары арасындағы ҚР чемпионатына қатысып, нәтижесінде турнирлік кестеде 6-орынға тұрақтаған.

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

АЙСАМАЛДЫҢ
КҮМІСІ

Мексиканың Гвадалахара қаласында өткен ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионатында Айсамал Сансызбаева күміс жүлдегер атанды.

Айсамал Сансызбаева (87 келден жоғары) қосаясы қорытындысы бойынша 250 келіні бағындырды. Жұлқа көтеруде 107, серпуде 143 келіні өнерді. Нәтижесінде жұлқа көтерулен кіші күміс, серпуде кіші алтынды еншіледі.

Айсамал 2003 жылы Шиелі ауданында дүниеге келген. Қазірге дейін ол жастар және жасөспірімдер арасында Азия және ел біріншілікінде жүлдегерлер қатарынан көрініп жүр. Облыс орталығындағы Жалаңтөс баһадүр атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мандандандырылған мектеп-интернат-колледжінде білім алған. Бапкерлері – Арман Абдраев, Нұрсұлтан Бахрадин, Мұхаммед Тұрысбеков.

Еліміздің жасөспірімдер құрамына Мексикадағы Әлем чемпионатын 1 алтын, 1 күміс медальмен аяқтап отыр. Бұған дейін Едіге Егемберді жеңіс тұғырынан көрінді.

Әлемнің 44 елінен 229 қатысушы жиналған жаһандық додада ел намысын бес спортшы қорғады.

«СБ» ақпарат

ӨНЕР

Аққуды астандағы
қондырған күй

Жуырда облыстық мәдениет және спорт басқармасының қолдауымен А.Токмағамбетов атындағы мәдениет үйінде талантты күйші, ұлағатты ұстаз, өнертану ғылымдарының кандидаты Гүлнар Ысқақованың «Ғашық өмір» атты шығармашылық кеші өтті.

Ашылу рәсімінде басқарма басшысы Мира Қазбекова кеш інісін құттықтап, шығармашылық табыс тіледі. Ұлттық үрдіске сай сый көрсетіп, гүл шоғын ұсынды. Ақын Ажар Сламова, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің проректоры Жандос Базартай, Қазанған атындағы жоғары музыкалық колледж директорының міндетін атқарушы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Мүсілім Әмзе және республикалық Күйшілер одағы Қызылорда облыстық филиалының жетекшісі Әлімжан Әбсадықов ізгі тілектерін білдірді. Кеш ініс Гүлнар Ысқақоваға Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Үздік ұстаз» төсбелгісі табысты.

Гүлнар Ысқақова – Сыр өңірі күйлерінің мұрагері ғана емес, өзіндік өнер жолын қалыптастырған дарабоз дарын иесі. Ұзақ жылдан бері музыка саласында руханият шежіресін жалғап, жас таланттарға ұстаздық етіп келеді.

Кеште Руслан Балмасовтың дирижерлігімен Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі Құрақтың Досжаны, Исламбек Ысқақовтың және Гүлнар Исламбекқызының күйлерін орындаса, Ақмарал Ноғайбаева, Гүлмира Төленова, Айдос Иманжапаров, Самал Байсейітова сынды өнер иелері Сыр елі ақындарының сөзіне жазылған автордың әндерін орындады.

«СБ» ақпарат

Қорға жаңа
кітаптар қосылды

«Жаңа қазақ әдебиеті» сериясы – қазақ әдебиетінің бұрын-соңды еш жерде жарияланбаған туындыларын жарыққа шығаруды көздейтін бірегей жоба. Бұл – қазақ әдебиетін модернизациялау, әлемдік деңгейге көтеру сияқты игілікті мақсат жолындағы нақты қадамдардың бірі. Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының кітап қоры «Жаңа қазақ әдебиеті» сериясы бойынша жарық көрген кітаптармен толықты.

Қазақ әдебиетінде сұранысқа ие каламгерлердің бірі Ұларбек Нұрғалымұлының үш бөлімнен тұратын «Сөз тарту» кітабына зерттеу, сұхбат, эссе, мақалалары енген. Бірінші бөлімде қазақ детективінің атасы атанған майдагер жазушы Кемел Тоқаевтың өмірі мен шығармашылығын арқау ете отырып, кейіпкердің қисапсыз қиындықпен өткен балалық шағы, соғыс өртіне шарпылған жастық шағы туралы сыр шертеді. Екінші бөлімде әдебиет, мәдениет және өнер жайында осы саланың белгілі тұлғаларының ішкі сырына үніліп, олармен сырласа отырып, бүгінгі жас буын талғамын таразылайды. Соңғы бөлімде қоғамдағы түйткілді мәселелер туралы мақалалар мен тағылымды тұлғалар жайындағы эсселер топтастырылған.

Жас ақын Ергали Бақаштың «Тылсым тұн» кітабына тұнық та сырлы лирикаларымен қатар туннің тылсым әлеміне бойлаған өлеңдері топтастырылған. Сурет пен об-



разға, ой мен ішкі толғанысқа толы жинақтың өзіне тән ерекшелігі, жаңашыл қолтаңбасын байқауға болады.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, талантты жазушы-драматург Дурман Рамазановтың «Жан» атты жаңа жинағына «Қош», «Құса», «Көкжал», «О дүниедегі кездесу», «Дауыс», «Жылап аққан тамшылар», «Ажал», «Жұбаныш», «Жан», «Алланың әмірі», «Жатбауыр», «Жын», «У», «Тор» тәрізді таңдаулы әңгіме-хикаялары топтастырылған.

Өлең өлкесіне өзіндік өрнегімен келген талантты жас ақын Жәнібек Әлімановтың «Жұлдызымның жорығы» атты жыр жинағы – ақынның екінші кітабы. Жас ақынның тұнық сезіммен көмкерілген өлеңдері енген «Серг» атты алғашқы кітабы 2015 жылы жарық көрген еді.

«СБ» ақпарат